Президентом Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаевым на заключительном заседании Государственной комиссии по обеспечению режима чрезвычайного положения, было предложено создание Фонда развития промышленности за счет средств, собираемых в рамках расширенных обязательств производителей.

По словам Главы государства, работа данного Фонда будет направлена на обеспечение доступного кредитования прорывных обрабатывающих предприятий по ставке не более 3%.

Кроме того, для поддержки бизнеса в условиях падения спроса, снижения рыночной стоимости активов и залогов важно использовать инструмент гарантирования кредитов Фондом «Даму». Гарантии фонда распространены на займы, выдаваемые в рамках программы Нацбанка по кредитованию оборотных средств. Ее объем составил 600 млрд тенге и при необходимости будет увеличен.

Для расширения кредитования экономики Агентством по регулированию и развитию финансового рынка приняты меры по ослаблению пруденциальных нормативов и снижению давления на ликвидность. Данная мера позволила высвободить в банковском секторе около 600 млрд тенге, которые должны быть направлены в экономику страны [6].

Исходя из проблем, выявленных из анализа финансовой отчетности и деятельности компаний в текущем периоде, совершенствования финансовой устойчивости необходимо осуществлять по следующим направлениям, представленным на рисунке 1 [7].

Основным инструментом снижения макроэкономических проблем является планирование. Рассчитывая бюджеты организации по нескольким сценариям (учитывая вероятность негативного и положительного хода событий), компания корректирует планы мероприятия в краткосрочной и долгосрочной перспективах.

Одним из главных путей укрепления финансовой устойчивости является оптимизация и сбалансированность источников финансирования.

Увеличение финансовых результатов – это совокупность мер по увеличению выручки, снижению себестоимости продукции, увеличению прочих доходов, уменьшению коммерческих и административных издержек, выплат процентов по кредитам и т.д. [8].

Снижение себестоимости продукции – одна из главных целей управления любой компании. Главным фактором успеха компании является то, способна ли она добиться снижения издержек (себестоимости продукции) при повышении качества выпускаемого продукта.

Большое внимание следует уделить уменьшению операционного цикла. Для того, чтобы уменьшить операционный цикл, следует увеличить оборачиваемость материалов, дебиторской задолженности, денежных средств, готовой продукции.



Рисунок 1. Основные направления совершенствования финансовой устойчивости компании *

* Составлен автором по данным [7]

Для оптимального управления дебиторской задолженностью необходимо выполнять следующие рекомендации: анализ и ранжирование клиентов, контроль состояния расчетов с клиентами и своевременное предъявление исковых заявлений, отслеживание соответствия кредиторской и дебиторской задолженностей, определение критического уровня дебиторской задолженности, прогнозирование поступлений денежных средств от дебиторов, использование методов уменьшения доли безнадежной дебиторской задолженности.

Управление кредиторской задолженностью также представляет собой важную часть краткосрочной финансовой политики. Большой уровень кредиторской задолженности представляет риск неплатежеспособности для компании [9].

Управление ликвидностью представляет собой комплекс мер по увеличению стоимости наиболее ликвидных и быстрореализуемых активов, уменьшение объема текущих обязательств. Данная цель также имеет системный подход и представляет собой реализацию комплекса задач для ее осуществления. К таким задачам относятся: повышение выручки, прибыли компании, финансирование инвестиционной программы за счет долгосрочных источников финансирования, увеличение объема денежных средств и эквивалентов, дебиторской задолженности, а также уменьшение объема запасов, как наименее ликвидных оборотных средств.

В целом, необходимо отметить, что одним из направлений стабилизации финансового состояния компании и обеспечения финансовой устойчивости в современных условиях должна явиться разработка успешной рыночной стратегии, которая начинается с составления общей стратегии своего развития, которая, в свою очередь, постепенно становится более подробной и конкретной, а затем распадается на целый ряд частных стратегий.

По мнению специалистов, процесс формирования успешной рыночной стратегии предприятия состоит из множества этапов, каждый из которых требует тщательной проработки, определения целей, постановки конкретных задач, обобщения и анализа сложившейся обстановки на рынке, и принятие решений, вытекающих из проведенного анализа, с учетом использования своих конкурентных преимуществ, которыми обладает предприятие.

Только то предприятие достигнет поставленных целей, руководители которого не только конкретизируют и доведут до исполнителей цели и задачи, но и смогут организовать действенный контроль и в случае необходимости своевременную корректировку действий руководства и персонала.

Успешная реализация рыночной стратегии предприятия позволит сохранить и развить успехи, достигнутые в своей отрасли, сначала на региональном рынке, а затем возможно, и укрепит положение предприятия в долгосрочной перспективе.

Следовательно, рост и повышение эффективности производства в существенной степени определяются степенью эффективности реализации принятой с учетом сложившейся обстановки в отрасли рыночных стратегий предприятий.

К основным задачам рыночной стратегии можно отнести систематический и постоянный анализ изменяющихся потребностей целевых групп потребителей, разработку концепций создания и реализации необходимых товаров или услуг, позволяющих хозяйствующим субъектам обслуживать выбранные группы покупателей лучше, чем конкуренты, даже в условиях экономического кризиса.

В диалектическом единстве рыночной стратегии и тактики, ключевое значение имеет тактика, так как от конкретных действий зависит эффективность деятельности хозяйствующего субъекта. Но столь же очевидно, что без выявления неудовлетворенных потребностей, тенденций их трансформации невозможно предугадать направления эффективного развития производства. Следовательно, внутреннюю логику, направленность и динамику развития рыночной стратегии предприятия определяет исход разрешения всякий раз воспроизводящегося противоречия между стратегией и тактикой рыночной деятельности предприятия, особенно в условиях экономического кризиса.

Литература

1. Влияние COVID-19 на ключевые сектора экономики Казахстана <https://assets.kpmg/content/dam/kpmg/kz/pdf/2020/05/covid-rk-economy-sectors.pdf>
2. Никитина Е.С. Государственная поддержка предпринимательской деятельности / Е.С. Никитина, Е.Л. Прокопьева // Молодой ученый. – 2018. – № 18(204). – С. 354-356.
3. Страны ЕАЭС одобрили меры по обеспечению экономической стабильности в условиях пандемии <https://www.inform.kz/ru>
4. Фонд развития предпринимательства «Даму» // <https://egov.kz/>
5. Исследования по оценке доверия и удовлетворенности субъектов микро, малого и среднего предпринимательства деятельностью Фонда «Даму»// <https://damu.kz/>
6. В Казахстане создадут Фонд развития промышленности// <https://kapital.kz/>
7. Щурина С.В. Финансовая устойчивость компании: проблемы и решения // «Финансы и кредит», №42(2016). – С. 43-60.
8. Морозно Н.И., Диденко И.Ю. Финансовый менеджмент: Учеб. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2014. – С. 164-176.
9. Баршенко В.И. Анализ финансовой отчетности (для бакалавров): Учеб. пособие. – М.: КноРус, 2014. – С. 59-69.

Аңдатпа

Бұл мақалада автор экономиканың қазіргі жағдайының мемлекет экономикасының ең осал сегменттеріндегі компаниялардың қаржылық тұрақтылығына әсер етуінің негізгі проблемалары мен салдарын қарастырады. Мақалада компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қолдаудың тұрақтандыру шараларының негізгі бағыттары көрсетілген. Қаржылық тұрақтылықты оңтайландыру мен қазіргі жағдайда компаниялардың тиімділігін арттыру жолдары анықталды.

Abstract

In this article, the author considers the main problems and consequences of the impact of the current state of the economy on the financial stability of companies in the most vulnerable segments of the state economy. The article highlights the main directions of stabilization measures of state support to ensure the financial stability of the company. Further ways of optimizing financial stability and increasing the efficiency of companies in modern conditions are determined.

К.Н. Оразбаева, т.ғ.д., профессор

Б.К. Жуманова, э.ғ.к., доцент

*Қазақ экономика, қаржы және
халықаралық сауда университеті*

Нұр-Сұлтан қ.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫН ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУДЫҢ ҚАЗІРГІ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада мұнай-газ саласы кәсіпорындарын дағдарысқа қарсы басқарудың қазіргі аспектілері зерттелген. Қазіргі уақытта Қазақстанда экономикасының негізгі қозғаушы күші болып отырған мұнай-газ саласы кәсіпорындарын пандемия жағдайында дағдарыстан шығарып, ары қарай дамыту мәселелері қарастырылған. Мұнай-газ саласы кәсіпорынының қаржы-экономикалық жағдайы, дағдарысқа қарсы басқару тәжірибелері талданған. Дағдарысқа қарсы басқару механизмі мен оның принциптері зерттелген. Мұнай-газ саласы кәсіпорындарын қазіргі пандемия жағдайында дағдарысқа қарсы басқаруды жетілдіру жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: *дағдарыс, дағдарысқа қарсы басқару, пандемия, мұнай-газ, банкроттықты бағалау моделі, дағдарысқа қарсы басқару механизмі, дағдарысқа қарсы стратегия.*

Ключевые слова: *кризис, антикризисное управление, пандемия, нефтегаз, модель оценки банкротства, механизм антикризисного управления, стратегия антикризисного управления.*

Keywords: *crisis, anti-crisis management, pandemic, oil and gas, bankruptcy assessment model, anti-crisis management mechanism, anti-crisis management strategy.*

XX ғасырдың аяғы мен – XXI ғасырдың басы еліміздегі саяси және әлеуметтік өміріне қатты өзгерістің кезеңдері болды. Елімізде, басқа елдердегідей, әлеуметтік экономикалық және институциялық негіздеріндегі түрлі жүйелік дағдарыстар орын алды. Олардың ішінде әлемді жайлап, барлық мемлекеттердің экономикасының баяндауына, жұмыссыздық сандарының артуына, кейбір мекемелердің, түрлі бизнестердің жабылуына дейін себеп болып отырған короновирусқа байланысты пандемияны атап өтуге болады. Бірқатар зерттеушілер мен мамандар экономиканы осындай күрделі жағдайдан басқарудың сапалы жаңа – «дағдарысқа қарсы басқару» түрі ғана шығара алады деп есептейді. Бұл бірінші кезекте Қазақстан экономикасының негізгі қозғаушы күші болып отырған мұнай-газ саласына қатысты болып табылады. Тиімді дағдарыстарға қарсы басқарудағы қажеттілік, ол ең алдымен әлеуметтік экономикалық тұрақталуы мен ары қарай дамуынан туындайды.

Қазіргі кезде басқа елдердегі сияқты отандық кәсіпорының пандемия жағдайында, тұрақсыз экономикалық ортада жұмыс істеуіне байланысты өндірістің құлдырауы және дағдарыс жағдайларын, шығындардың көп болуына тап болады. Олардың мұндай жағдайы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық қаупіне итермелейді. Қуатты дұрыс жүктемеу, оларды тиімсіз қолдану экономиканың дамуына кері әсер етеді.

Қазақстан өзінің даму стратегиясын өтпелі кезеңдегі ауыр өзгерістерден аман алып шығып, болашаққа жаңа қарқынмен аяқ басу жолында. Алайда, қазір көптеген кәсіпорындар дұрыс ұйымдастырылмаған менеджменттің салдарынан нарық заңдарына төтеп бере алмай, бұрынғы стереотипті ұстанып экономикалық дағдарыстарға ұшырауда, оның үстіне корновирустық инфекцияның таралуы кәсіпорындар мен бизнестің көптеген салаларын әлсіретті. Ол мұнай-газ саласынына мұнай бағасының түсуіне байланысты үлкен кері әсерін тигізуде. Сондықтан, еліміздің экономикасын тұрақтандырып, ары қарай дамыту үшін, оның негізі болып отырған мұнай-газ саласында дағдарысқа қарсы тиімді басқару бүгінгі таңда аса өзекті мәселе болып отыр.

Әлемдік экономиканың қарқынды дамуы, қаржылық дағдарыспен байланысты жаһандық тұрғыдағы мәселелердің пайда болуы ғалымдарға дәстүрлі тұжырымдардан бас тарта отырып, кәсіпорынды дағдарысқа қарсы басқарудың жаңа әдістерін зерттеу қажеттілігі туындап отыр [1].

Аталған бағытта зерттеулердің негізгі мақсаты – мұнай-газ саласы кәсіпорындарын дағдарысқа қарсы басқарудың қазіргі пандемия жағдайындағы аспектілерін зерттеп, саланы орын алып отырған жағдайда тұрақтандыру және дамыту жолдары мен механизмдерін жетілдіру болып табылады.

Бұл мақсатқа сәйкес жету үшін бұл жұмыста келесі: мұнай-газ саласы кәсіпорындары қаржылық жағдайын талдап, анықтау, оларды дағдарыстан шығару механизмдері мен жолдарын зерттеп, жетілдіру және дағдарысқа қарсы стратегияны жасақтап, енгізу міндеттері шешілген.

Қазіргі уақыттағы экономикада басқа салалар сияқты мұнай-газ саласы кәсіпорындары басшыларының айқынсыздық не тұрақсыздық жағдайларында үнемі дұрыс шешім қабылдауын жүктейді. Көптеген кіші, орта және ірі кәсіпорындардың тек қарапайым уақытша қиындықтарды бастан өткізбей, әртүрлі дағдарыс жағдайларына үнемі кездесіп отырды. Сондықтан дағдарысқа қарсы басқару әдістері мен формаларын іздеу және кеңінен енгізу мәселелері өзекті болып отыр. Оны қолдану арқылы еліміздегі нәтижелер көңіл көншітпейтіндей жағдайларда жалпы жағымсыз нарықтық жағдайларға қарамастан кәсіпорын ісінің дағдарысқа дейінгі жағдайға жеткізбеуге мүмкіндік берер еді. Әр кәсіпорында қиындықтарды, оның ішінде коронавирусы індеті жағдайындағы қиындықтардың жоюға бағытталған арнайы бағдарламаларды әзірлеп, тәжірибие жүзінде жүзеге асыру қажет. Сондықтан дағдарысқа қарсы басқаруға, яғни кәсіпорынның нарықтық қызметіндегі мүмкін болатын салмақты қиындықтардың алдын алуға бағытталған, оның тұрақты және жеңістіктегі шаруашылықтануын қамтамасыз ететін басқарушылыққа қажеттілігі туындайды.

Мұнай-газ саласы кәсіпорынының қаржы-экономикалық жағдайын талдау және дағдарысқа қарсы басқару тәжірибелерін талдау. Батыс Еуропа тәжірибесінде кәсіпорынның банкроттықтың белгісі ретінде қабілетсіздік фактысы саналады; бұл, қабілетсіз қарыздарлардың өз кредиторларына құлдыққа өтетіндігі секілді ескіден қалған ұғымға сәйкес қалыптасқан түсінік болып табылады. Уақыт өте мұндай тәуелділіктер мемлекеттік жазалармен ауыстырылды. Бірақ, қабілетсіз қарыздардың мұндай жағдайға душар болуының себебі, шынайылығы тексеріліп, кінәлілік дәрежесі айқындалады.

Франция заңдарына сәйкес «қабілетсіздік» ұғымы тек коммерсанттарға ғана қатысты. Демек, саудаға қатысы жоқ шаруашылық субъектілеріне банкроттық ережесі қолданылмайды.

Германия заңнамасы бойынша банкроттық субъектісі болып төлемдерді жүргізуді тоқтатқан кез-келген қарызға батушы саналады. Банкроттықтың қылмыстық заңмен жазаланатын үш жағдайын бөліп көрсетеді – «қарапайым», «әдейі» және «банкроттықтың ерекше ауыр жағдайы».

Швецияда төлемқабілетсіздікке жол бергендердің жауапкершілігін қадағалау жолға қойылған. Өйткені, көп жағдайларда кәсіпорындарды әдейі банкроттыққа ұшырату белең алған.

Ал Италиядағы «қарапайым» және «әдейі» банкроттық ұғымдары көршілес еуропалық елдерге таралған анықтамалармен ұқсас екені белгілі болып отыр.

Қазіргі күнде банкроттық жағдайды бағалаудың көбірек таралған модельдері Э.Альтман мен У.Бивер модельдері болып отыр.

Дегенмен, отандық ғалымдардың айтуынша шетелік модельдерге сәйкес кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін бағалау мүмкіндіктерін бағалау көп жағдайда оң нәтиже бере алмайды екен. Шетелдік модельдерді қазақстандық жағдайларға ыңғайластыру тәсілдері де ұсынылған, соның ішінде Э. Альтманның «Z» пен екі факторлы математикалық моделін атауға болады.

Сонымен нарықтық экономика және дағдарыстық жағдайларында барынша дәл болжаулар көпфакторлы модельдер арқылы қамтамасыз етіледі. Шетелдіктер Э. Альтманның толықтырылған «Z» моделін жиі қолданады. Ол кезінде АҚШ-тың қарқынды дамыған және банкроттыққа ұшыраған өнеркәсіп компанияларының мәліметтеріне негізделіп жасалған. Модельдің бұл толықтырылған түрінде банкроттықтың ықтимал Z жағдайы жекелеген бес көрсеткіштермен есептеледі. Олардың әрқайсысы белгілі деңгейдегі статистикалық әдістермен есептеледі [2]:

$$Z = 1,2 \cdot K_1 + 1,4 \cdot K_2 + 3,3 \cdot K_3 + 0,6 \cdot K_4 + K_5, \quad (1)$$

мұнда K_1 – активтердегі таза айналым капиталының үлесі;

K_2 – жинақталған пайданың активтерге қатынасы;
 K_3 – активтердің рентабельділігі;
 K_4 – кәсіпорынның барлық қарапайым және айрықша акцияларының нарықтық құнының заемдық құралдарға қатынасы;
 K_5 – активтердің айналымдылығы.

Дағдарысқа қарсы басқару механизмі. Экономикалық ғылымда дағдарысқа қарсы басқару механизмі келесі *принциптерге* негізделетінін тұжырымдауға болады:

1. Кәсіпорынның қаржылық қызметіндегі дағдарыс белгілерін ерте анықтау, оны ескере отырып кәсіпорындағы дағдарыстың пайда болуы себептерін және оларды жою бағытталған іс-шараларды жасақтап дер кезінде жүзеге асыру принципі.


2. Дағдарыс белгілеріне уақытында әрекет ету принципі. Дағдарысқа қарсы механизмдерді ертерек қолдана бастағаннан дағдарыстың кәсіпорынға келтіретін зияны төмендейді, яғни дағдарыстың алдын ертек алу керек.

3. Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы адекватты әсер ету принципі. Бұл принцип кәсіпорынның орын алған дағдарысқа қарсы әрекетінің адекваттылығы оның қаржылық тепе-теңдігіне нақты қауіп төндіруін болдырмайды, немесе айтарлықтай төмендетеді.

4. Ішкі мүмкіндіктердің анықтап, толықтай пайдалану принципі. Бұл принцип жүзеге асырылуы кәсіпорынның дағдарыс жағдайынан шығуына мүмкіндік береді. Кәсіпорынды банкроттық қауіпмен күресте тек ішкі қаржылық мүмкіндіктерді ғана есепке алуы тиіс.

Сонымен *дағдарысқа қарсы басқару механизмі* – бұл дағдарыс құбылыстың алдын алу немесе өз уақытында сауықтыру бойынша шараларды жасап және еңгізуге бағытталған өзара байланысты элементтердің жиынтығы.

Дағдарысқа қарсы басқару механизмін экономикалық және құқықтық элементтерге бөлуге болады (1-сурет).



1-сурет. Дағдарысқа қарсы басқару механизмінің элементтері

Көрсетілген элементтердің санын есепке алу менеджерлер үшін өте маңызды. Дағдарысқа қарсы жұмысын бақылай отырып бір түрінің элементтерін екіншісінің орнына қабылдап қою арқылы оңай қателікке ұрыну қаупі бар. Дағдарысқа қарсы басқарудың экономикалық механизмін құру және теориялық негізін салу кешендік сипатта болуы тиіс және келесі жағдайларға негізделді: басқару процессіне жүйелік тәсілдерді қолдану және дағдарыс жағдайында тиімді шешімдер қабылдау; кәсіпорынның оңтайлы құрылымын анықтау және тиімді қызмет етуші заңдылықтарды, сондай-ақ экономикалық қарама-қайшылықтарды есепке алу.

Мұнай-газ саласы кәсіпорындарын қазіргі пандемия жағдайында дағдарысқа қарсы басқаруды жетілдіру жолдары. Басқару тиімділігі көптеген факторларға: мекеменің сыртқы және ішкі қоршаған ортасына; мекеме қызметінің көлемі мен мінезіне; мекеменің мақсаты, тапсырмасы мен стратегиясына; менеджменттің кәсібилігі мен талантына; қайта қарастыру қызметін қоюына және т.б. тәуелді.

Дағдарысқа қарсы басқару тиімділігі жеңілдету, тараптаушылық немесе осыған жұмсалған қорды салыстыруда дағдарысты оң қолдану мақсатына жетуімен сипатталады. Әрине, мұндай тиімділікті мөлшерлі есептеуіш көрсеткіште бағалау, оң, бірқалыпты дамудағы мекемені басқаруға қарағанда күрделі болады. Бұл дағдарыстық жағдайда басқару тиімділігінің әлеуметтік экономикалық аспектісіне тиесілі болып табылады.

Ірі кәсіпорындарда қызметкерлердің бір бөлігі өзгерістерге қарсылық білдіретіні белгілі. Сондықтан *дағдарысқа қарсы стратегияны* енгізу оперативтік қызметтен ажыратылып, қосарланған құрылым деп аталатын нұсқаларды пайдалану керек. Бұл менеджерлерге оларды іске асырумен айналысатын бөлімдерде өзгерістерге қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Дағдарысқа қарсы стратегияны жүргізуде сырттан мамандарды – сыртқы кеңесшілерді, бұрын басқа кәсіпорындарда жұмыс істеген жаңа басқарушыларды тарту айтарлықтай көмек көрсете алады. Сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігін арттыру маңызды болып табылады. Мұндай арнайы дайындық тек олар алынған жердегі сол кәсіпорын үшін ғана қызығушылық туғызатын білім және дағдыларды жұмысшыға береді. Дағдарысқа қарсы стратегияны әзірлеу кезінде ең бастысы сыртқы факторлардың талдауын жүргізу және талдаудың бірінші кезеңін біртұтасқа жеткізу болып табылады:

- макроорта талдауы (саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық қоршаған орта);
- бәсекелестік органы талдау (сатып алушылар, жеткізушілер, сала ішіндегі бәсекелестер жаңа бәсекелестер).

Дағдарысқа қарсы басқаруын орындайтын менеджменттің алдында тұрған өзекті мәселелердің біріне, басқару сапасы мен тиімділігін жоғарлатуы жатады.

Енді «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай-газ компаниясы мысалында дағдарысқа қарсы стратегия әзірлеу сұрақтарын қарастырайық.

Әлемдегі эпидемиялық жағдай сан-салалы кәсіпорындар мен алпауыт компаниялардың дағдылы тыныс-тіршілігін жаңа бағытқа өзгертті. Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүдделерін білдіретін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы да дер кезінде дағдарысты басқару тобын іске қосып, жедел штаб құрған болатын. Штабтың үйлесімді жұмысының және жүзеге асырылған алдын алу шараларының нәтижесінде кәсіпорындар қалыпты режимде жұмысын жалғастыруда [3].

«ҚазМұнайГаздың» басты міндеті қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық жасау болып табылады. Эпидемиялық жағдай кезіндегі жедел іске қосылған дағдарысты басқару тобының басты жұмыстары:

– Бірінші тоқсандағы негізгі өндірістік көрсеткіштер орындалды. Мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 5,9 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың бірінші тоқсанындағы деңгейге жуық. 4 млн тоннаға жуық немесе өзіміз өндірген мұнайдың 69%-ы экспортқа шығарылды. Алайда коронавирус індеті мен мұнай өндірісін ұжымдық қысқарту туралы ОПЕК+ келісімімен мұнайға әлемдік сұраныстың күрт төмендеуі осы жылдың екінші тоқсанында ҚМГ өндірісін шектеуге әкеліп отыр. ОПЕК+ келісіміне сәйкес Қазақстан өндірісті тәулігіне 390 мың баррельге қысқартуға тиіс. Осыған сәйкес Энергетика министрлігі мұнай өндіруді шектеуі қажет жеке жер қойнауы

учаскелерінің тізбесі бар Үкімет қаулысының жобасын әзірледі. Алайда мұнай тасымалдау мен газ өндіру салаларының жағдайы жаман емес. Себебі, осы екі секторға мұнай бағасының құбылуы қатты әсер етіп отырған жоқ. Газ тасымалдау көлемі 28,3 млрд текше метрге дейін өсіп отыр. Өсім негізінен Қазақстан арқылы газ транзитінің ұлғаюына байланысты.

– Жаһандық пандемияның ҚМГ өңдеу секторына да әсер етті. Бірінші тоқсанда отандық мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутекті қайта өңдеу көлемі 3,3 млн тоннаны құрады және өткен жылмен салыстырғанда сәл жоғары болды. Бірақ 2020 жылдың сәуірінде Қазақстанның ірі қалаларында карантиннің енгізілуіне байланысты Қазақстандағы мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс едәуір төмендеді. Бұл мұнай өңдеу зауыттарының жүктемесін азайтуға себеп болды. Қазіргі жағдайда *мұнай өңдеу тереңдігін арттыру, мұнай химиясы өндірісін жетілдіріп, дамыту өте өзекті міндеттер* қатарына жатады. Дағдарысқа қарсы жедел шара ретінде, қазірдің өзінде 2020 жылға жоспарға қарағанда 87,4 млрд теңге күрделі шығындар алып тасталған, осы ретте 5 жыл ішінде күрделі шығындардың азаюы 406,4 млрд теңгені құрайды. Ал 2020 жылға арналған жалпы және әкімшілік шығындар, орталық аппараттағы консалтинг қызметтері мен басшылықтың сый-ақы қорынан бас тартуды қоса алғанда, 15,7 млрд теңгеге азайтылды. Операциялық шығындар 24,2 млрд теңгеге төмендетілген. 2020 жылы қысқартылған жалпы қаражат сомасы 127,3 млрд теңгені құрайды.

– Маркетинг және логистика саласында жұмыстар белсендірілді. Айналым капиталы да оңтайландырылды. Атқарылып жатқан іс-шаралар кешені уақытша емес, тұрақты негізде жұмыс істейтін болады. Айтылған шаралардан басқа 2021 жылдың соңына дейін жүзеге асырылатын дағдарысқа қарсы стратегия даярланатын болады.

– Басқару моделін өзгерту үшін бағытында жұмыстар атқарылуда. Нәтижесінде ҚМГ басқаруға икемді, тез әрекет етуге және бизнес үшін ең аз шығындармен дағдарыстың салдарын еңсеру үшін тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті компанияға айналады. Көптеген функциядан бас тартылып, стратегиялық мәселелерді шешуге назар аудару үшін еншілес компаниялармен өзара ықпалдастықтың тетіктерін қайта қарастырылды. Алда барлық күш келесі жылға дейін екі негізгі мәселені шешуге жұмылдырылады. Біріншіден, компания қызметін нарықтың жаңа жағдайларына бейімдеу және икемді өндірістік және кадрлық әлеуетті сақтай отырып, компанияның қаржылық жағдайына жағымсыз факторлардың әсерін азайту. Екіншіден, дағдарыс аяқталғаннан кейін жұмысын қайта жандандыру үшін қор, технология мен құзыреттерді жинақтау.

Барлық мұнай-газ секторы сияқты, қазіргі ахуал кезінде болашақ көрсеткіштерге қатысты нақты болжам жасау күрделі. Мұнай-газ саласының ерекшелігіне қарай, ел экономикасын қолдау және үздіксіз өндірістік процесті қамтамасыз ету үшін ҚМГ өндірістік қызметін тоқтатпай, нарықтағы жағдайды жіті бақылай отырып, мүдделі тараптармен бірге қажетті шаралар қабылдайтын болады.

Коронавирустық дертке байланысты пандемия дағдарыс шартында жағдайындағы мұнай-газ, экономика және басқа да, мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында бағдарламалар, оқулықтар мен дағдарысқа қарсы басқару саласындағы студенттерді арнайы дайындау пәндерін жандандыруға бағытталған кешенді шараларды қолға алу қажеттілігі туындауда. Одан бөлек, арнайы кәсіби білімдерін жоғарлату мен дағдарысқа қарсы басқару саласы, жоғары білім мен дағдарысқа қарсы басқару жүйесіндегі тәжірибелік қызмет негізін жетілдіру керек.

Әдебиеттер

1. Ильясова А.Б. Мұнай–газ саласы кәсіпорындарын дағдарысқа қарсы басқару.
2. Оразбаева К.Н., Батырбай А.А. Дағдарысқа қарсы басқару. – Астана: 2017. – 295 б.
3. Думан Анаш. «ҚазМұнайГаз» дағдарысқа қарсы стратегия әзірледі // Экономика, 2020. №05 Мамыр, 18 б. <https://egemen.kz/article/233350-qazmunaygaz-daghdarysqa-qarsy-strategiya-azirledi>
4. Механизмы и модели управления кризисными ситуациями. – М.: ИНЖЭК, 2018. – 200 с.
5. Антикризисное управление: моногр. – М.: ИНФРА. 2017. – 624 с.

Аннотация

В работе исследованы современные аспекты антикризисного управления предприятиями нефтегазовой отрасли. Рассмотрены проблемы вывода предприятия нефтегазовой отрасли – движущей силы экономики Казахстана, из кризисной ситуации и их дальнейшего развития в условиях пандемии. Проанализированы финансово-экономическое состояние и опыты антикризисного управления предприятиями нефтегазовой отрасли. Исследованы механизмы антикризисного управления и их принципы. Предложены пути совершенствования антикризисного управления предприятиями нефтегазовой отрасли в условиях пандемии.

Abstract

The paper investigates the modern aspects of anti-crisis management of enterprises in the oil and gas industry. The problems of the withdrawal of the oil and gas industry enterprise – the driving force of the economy of Kazakhstan, from the crisis situation and their further development in a pandemic are considered. The financial and economic state and the experience of anti-crisis management of enterprises in the oil and gas industry are analyzed. The mechanisms of anti-crisis management and their principles have been investigated. The ways of improving the anti-crisis management of oil and gas enterprises in a pandemic are proposed.



ӘОЖ 311.31

М.А. Абдурахманов, э.ғ.к., доцент
Қазақ экономика, қаржы және
халықаралық сауда университеті
Нұр-Сұлтан қ.

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР АРҚЫЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Шаруашылық саласында шешімдер қабылдаудың негізі кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау болып саналады. Оның ішкі және сыртқы байланыстардан тұратын күрделі жүйе болып саналады. Мұнда болатын құбылыстарды анықтау мен сипаттау тәжірибеге елеулі үлес қоспайды. Бұл жерде ең бастысы талдау жүзгізу арқылы кәсіпорын қызметінің негізгі сипаты мен бағыттарын анықтап, болашаққа жобалар құру, олардың негізінде өндірістік қаржылық жоспарлар құру және бұл жоспарларды жүзеге асырылуын бақылау мен айқындауға қол жеткізу. Кәсіпорынның қаржылық жағдайына зерттеуде оған әсер етуші факторларды анықтау және қаржылық жағдайды бағалаудың негізгі әдістері мен критерийлерін зерттеу. Кәсіпорын қаржылық жағдайын бағалау үшін тиімді әрі қолайлы абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштер әдісін қолдану міндеттері өте маңызды.

Кілт сөздер: абсолютті, салыстырмалы, индекс, қаржылық жағдай, қолданбалы статистика.

Ключевые слова: абсолютное, относительное, индекс, финансовое состояние, прикладная статистика.

Keywords: absolute, relative, index, financial condition, applied statistics.

Мемлекет экономикасына әрбір кәсіпорын белгілі дәрежеде қаржылық нәтижелер әкелсе, онда қызмет салаларының және елдің макроэкономикалық көрсеткіштері жоғарлайды. Қазіргі кезде жоғары даму барысындағы бәсекелестік жағдайында кәсіпорын тұрақтылығын бағалау

бәсеке қабілеттіліктің қосымша факторы екендігі белгілі және кез-келген саладағы қаржылық тұрақты кәсіпорындар санының өсуі экономиканың дамуы мен бюджетке төленетін тұрақты түсімдердің негізі болып табылады.

Нарықтық жағдайында өнім шығарып жатқан кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ең негізгі мақсаты:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- айналым капиталының көлемін анықтау;
- қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорынның табыстылығын бағалау және оның іскерлік белсенділігін анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау болып табылады.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдаудың қортындылаушы кезеңі қаржылық жағдайды талдау болып саналады. Және ол үш сатыны қамтыйды: жабдықтау, өндіріс және өткізу, бұлардың жыйынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қорды құрайды. Кәсіпорынның қаржылық қызметі – бұл оның осы қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Қаржылық жағдайдың тұрақтылығы кәсіпорынның барлық қызметі үрдісінде қалыптастырылады. Бірақ партнерлер мен акционерлер осы үрдіске емес, одан алынған нәтижеге, яғни қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне қызығушылық білдіреді.

Әрбір пайдаланушы адам қаржылық қызметті және онымен байланысты тұрақтылықты өзіне қажетті бағыт бойынша талдайды: сыртқы контрагенттерге (нәтиже ретінде) қаржылық тұрақтылыққа, ал ішкі пайдаланушылар (нәтиже мен үрдісі үйлестіретін мәселені қосатын) қаржылық жағдайдың тұрақтылығына мән береді. Қаржылық тұрақтылықты қолдау үшін табыстың өсуі ғана емес, оның кәсіпорынның салынған капиталы мен шығыстарына қатысты деңгейінің, яғни рентабелділігінің ұлғаюы да қажет. Жоғары табыстылық жоғары қауіпті тәуекелдермен байланысты болып келеді, ал бұл кәсіпорынның табысты алудың орнына, шығысқа ұшырауы және төлем қабілетсіз болуын білдіреді. Сондықтан табысқа жету үшін кәсіпорын негізгі мәселесін, яғни ақша-қаражаттардың жеткілікті деңгейі мен жоғары төлем қабілеттілікті динамикалық дамумен үйлестіретін рентабельділік пен өтімділікті шешуі қажет. Сонымен қатар айналым өсімінің шамамен қарқынын анықтау, яғни өзін-өзі қаржыландыру мен сырттан алуды үйлестіру есебінен сату айналымын өсіру. Кәсіпорынның уақытылы төлемдерін жасау, кең дәрежеде өз қызметін қаржыландыру, қолайсыз жағдайда өз төлем қабілеттілігін ұстап тұру қабілеті оның қаржылық жағдайының тұрақтылығын білдіреді.

Инфляция жағдайында баланстың абсолютті көрсеткіштерін тәжірибе жүзінде салыстыру мүмкін емес болғандықтан, кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын талдау салыстырмалы көрсеткіштерге негізделеді:

- тәуекелділік деңгейін бағалау мен банкроттылық мүмкіндігін болжау үшін жалпы пайдаланылатын нормалармен;
- кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын және оның мүмкіндіктерін анықтау үшін басқа кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштерімен;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының жоғарғы және төменгі деңгейлер үрдісін зерттеу үшін өткен жылдың ұқсас көрсеткіштерімен салыстыруға болады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалауда абсолютті көрсеткіштерді пайдалану маңызды болып келеді, яғни:

- меншікті және қарыз капиталаның;
- активтердің және ақша-қаражаттардың;
- дебиторлық және кредиторлық қарыздың;
- пайданың, сонымен қатар таза активтер, меншікті айналым капиталы, тұрақты пассивтер мөлшері.

Бұл көрсеткіштердің көмегімен қаржылық жағдайдың сапасын анықтайтын критерийлер қалыптасады. Себебі, қаржылық тұрақтылықты талдауда есеп материалына инфляцияның ауыт-

қушылық әсерін қалыптастыратын салыстырмалы көрсеткіштер маңызыды рөлді атқарады.

Олар салыстырмалы талдауды тереңдетуге және дүние танымымызды байытуға қызмет етеді. Салыстыру – статистикалық көрсеткіштерді қалыптастырудың әдісі болып саналады. Ол салыстырылып отырған құбылыстар мен белгілердің ұқсас жақтары мен айырмашылығын анықтауға мүмкіндік туғызады [2]. Қолданбалы статистикада салыстырудың түрлі жолдары мен формалары бар (1-сурет).



1- сурет. Статистикалық салыстырудың түрлері [2, 50 бет]

Олардың кеңінен таралуы абсолютті көрсеткіштерге қарағанда бір қатар артықшылықтармен анықталады, себебі олар абсолютті көрсеткіштер бойынша салыстырылмайтын, кеңістік пен уақытта едәуір тұрақты объектілерді салыстыруға мүмкіндік туғызады, сондықтан бір келкі вариациялық қатарларды анықтайды, соныменен қатар көрсеткіштердің статистикалық қасиеттерін жақсартады. Кәсіпорын қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалайтын абсолютті көрсеткіштеріне келесілер жатқызылады:

- біріншіден, меншікті айналым капиталы;
- екіншіден, перманентті капитал;
- үшіншіден, қорларының негізгі қалыптасу көздері.

Кәсіпорын қаржылық тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін салыстырмалы көрсеткіштері және олардың критерийлері көрсетілген.

Қаржылық тұрақтылық деп қорлардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілу деңгейін көрсететін көрсеткіштерді атаймыз.

Кәсіпорын қорлары қалыптасу көздерін сипаттау үшін келесі үш негізгі көрсеткішті анықтауға болады.

1. Меншікті айналым капиталы. Ол меншікті айналым қаражаттарын сипаттайды, өткен кезеңмен салыстырғандағы оның ұлғаюы кәсіпорын қызмегінің онан ары дамуын дәлелдейді. Бұл көрсеткіш келесі формуламен анықталады

$$M_{a.k.} = M_k - Y_{m.a.}, \quad (1)$$

мұнда $M_{a.k.}$ – меншікті айналым капиталы;

M_k – меншікті капитал;

$Y_{m.a.}$ – ұзақ мерзімді активтер.

2. Кәсіпорынның қорларының меншікті және ұзақ мерзімді қарыздық қалыптасу көздері немесе перманентті айналым капиталы. Ол алдыңғы көрсеткіштің ұзақ мерзімді міндеттемелер соммасына ұлғаюымен анықталады:

$$\Pi_{ak} = M_{ak} + Y_{mm}, \quad (2)$$

мұндағы Π_{ak} – перманентті айналым капиталы;

M_{ak} – меншікті айналым капиталы;

Y_{mm} – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

3. Кәсіпорындағы қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері келесі формуламен анықталады:

$$K_{жм} = \Pi_{ak} + K_{нк}, \quad (3)$$

мұндағы $K_{жм}$ – қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері;

Π_{ak} – перманентті айналым капиталы;

$K_{нк}$ – қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын құру, оның ішінде болжамды баланс жасау кәсіпорынның болашақтағы жағдайын шамамен көрінісін ұсынуға мүмкіндік береді. Қаржылық стратегия кәсіпорынның нақты мақсаттарын анықтап, оларға байланысты міндеттер қалыптасады. Кәсіпорынның қаржылық стратегияның нақты міндеттері төмендегідей болып келеді:

- табысты жоғарылату;
- инвесторларды тарту;
- компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- оны басқару жүйесін жетілдіру.

Кәсіпорынның стратегиялық қаржылық басқарудың негізі стратегиялық қаржылық жоспарлау болып табылады. Оның шегінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдіру, табыстылық өсімін, басқа қаржылық көрсеткіштердің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық даму жолдарының анықтау және нақтылау жүргізіледі. Жоғарыда аталған барлық қадамдарды орындай отырып, кәсіпорында дұрыс жасалған қаржылық стратегия кәсіпорынның ақшалай қаражаттармен еркін маневр жасауға, төлемдерді өз уақытылы жүргізуге және өндірісті кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Алайда, бұл тұрақтылық оптималды болуы тиіс, өйткені қаржылық ресурстардың артықшылығы қаражаттардың тұрып қалуын білдіреді, ал жетіспеушілігі кәсіпорынның дамуына кедергі жасайды.

Қаржылық жағдайдың нашарлауы капиталдың жаратылуы мен қарыздың өсуіне әкеледі. Осыдан кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы, яғни кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігі, меншікті қаражаттарды маневірлеу қабілеті, шаруашылық қызметтің қаржымен жеткілікті қамтамасыз етілу деңгейі төмендейді [3].

Кәсіпорын қызметінің табыстылығы мен іскерлік белсенділігін оның жалпы қаржылық құрылымымен, сыртқы кредиторлармен және инвесторлармен қатынас деңгейіне байланысты. Осылай қызметтің үрдісі барысында көптеген кәсіпорындар меншікті капиталмен бірге біршама қарыз қаражаттарының соммасын тартады. Бірақ қарыз міндеттемелерінің едәуір ұлғаюы нәтижесінде, егер бірнеше кредитор бір уақытта өз қаражаттарын қайтаруды талап етсе, банкроттыққа ұшырауы мүмкін. Сондықтан осындай жағымсыз жағдайға тап болмау үшін кәсіпорынның қаржылық потенциалын анықтап яғни табыстылығы мен іскерлік белсенділігін талдап, оның жағымсыз себептерін жою немесе оның әсерлерін төмендету жолдарын іздестіру қажет.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау да кешенді бағытта жүзеге асырылуы қажет. Ол абсолютті көрсеткіштерден басқа, табыстылығы мен іскерлік белсенділігі салыстырмалы көрсеткіштер жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның табыстылығы мен іскерлік белсенділігін, қаржылық тұрақтылығын бейне-

лейтін негізгі көрсеткіштердің бірі баланс валютасында меншікті қаражаттардың үлесін анықтайтын тәуелсіздік коэффициенті болып табылады:

$$K_T = \frac{MK}{\sum K} \quad (4)$$

мұнда K_T – тәуелсіздік коэффициенті;

M_k – меншікті капитал;

$\sum K$ – капиталдың жалпы соммасы.

Оның өсуі кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігінің ұлғаюын, болашақта қаржылық қиыншылықтар тәуекелінің төмендеуін білдіреді. Тәуелсіздік коэффициентінің қалыпты деңгейі 0,5-тен жоғары не тең болуы қажет.

Қалыптасқан қауіпті жағдайды тәуелсіздік коэффициентіне кері көрсеткіш болып табылатын тәуелділік коэффициенті де көрсетеді. Ол келесі формула бойынша қарастырылады:

$$K_{TL} = \frac{KK}{\sum K}, \quad \text{немесе } K_{TL} = 1 - K_T \quad (5)$$

мұнда K_{TL} – тәуелділік коэффициенті;

K_k – қарыз капиталы;

$\sum K$ – капиталдың жалпы соммасы, мың теңге.

Формулада берілген коэффициент авансталған капиталдың жалпы соммасындағы қарыздың үлесін сипаттайды. Оның үлесі жоғарлаған сайын кәсіпорынның сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелділігі сәйкесінше ұлғаяды. Бұл коэффициенттің қалыпты деңгейі $\leq 0,5$ қажет.

Кәсіпорынның табыстылығы мен іскерлік белсенділігін, қаржылық тұрақтылықты сипаттайтын келесі көрсеткіш қаржыландыру коэффициенті болып табылады, оның формуласы:

$$K_k = \frac{M_k}{K_{зк}}, \quad (6)$$

мұнда K_k – қаржыландыру коэффициенті;

M_k – меншікті капитал;

$K_{зк}$ – қарыз капиталы.

Коэффициент кәсіпорынның қай бөлігі меншікті қаражаттар арқылы, және қай бөлігі қарыз қаражаттары арқылы қаржыландырылатынын көрсетеді.

Оның мәні $K_k \geq 1$ болуы қажет. Бұл кәсіпорын мүлкінің едәуір бөлігі қарыз қаражаттары арқылы қалыптастырылғанын білдіреді. Кәсіпорынның қарыз және меншікті қаражаттар арақатынас коэффициенті активтерге салынған меншікті капиталдың 1 теңгесіне қанша қарыз капиталы тартылғанын сипаттайды, ол келесі формуламен есептеледі:

$$K_{k-МК} = \frac{K_{зк}}{M_k}, \quad (7)$$

мұнда $K_{k-МК}$ – Кәсіпорынның қарыз және меншікті қаражаттар арақатынас коэффициенті;

M_k – меншікті капитал;

$K_{зк}$ – қарыз капиталы.

Бұл көрсеткіштің қалыпты шегі $K_{k-МК} \leq 1$.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылықты сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып маневірлік коэффициенті табылады. Коэффициент еркін маневр жасауға мүмкіндік беретін кәсіпорын меншікті капиталының қай бөлігі мобильді түрде екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің төменгі деңгейі кәсіпорын меншікті капиталының маңызды бөлігі қысқа уақыт аралығында қолма-қол ақша-қаражаттарына айналу мүмкіндігі жоқ, аз өтімді болып табылатын имобильді сипаттағы құндылықтарға шоғырланғанын білдіреді. Қаржылық көзқарасы тұрғысынан маневірлік коэффициент деңгейінің жоғары болуы кәсіпорынның үшін тиімді: меншікті капитал мобильді, оның көп бөлігі айналым капиталына салынған.

Маневрлілік коэффициентінің өсуі кәсіпорынның нақты мүлктік құрылымы тұсында мүмкін болатын шекте жағымды болады. Егер коэффициент ұлғаюы айналымнан тыс активтер өсуіне қарағанда меншікті капитал өсуінің артып шығуымен жетілсе, онда бұл кәсіпорын табыстылығы мен іскерлік белсенділігінің, қаржылық тұрақтылығының өсуін нақты дәлелдейді.

Маневрлілік коэффициентінің жоғары мәні кәсіпорын қаржылық жағдайын жағымды етіп сипаттайды, бірақ көрсеткіш кәсіпорынның тәжірибесінде нақты бекітілген қандай да бір қалыпты мәні жоқ.

$$K_M = (M_K + Y_{M.M.} - Y_{M.A.}) / M_K, \text{ немесе } K_M = M_{OK} / M_K, \quad (8)$$

мұндағы K_M – маневрлілік коэффициенті;

$Y_{M.M.}$ – ұзақ мерзімді міндеттемелер;

$Y_{M.A.}$ – ұзақ мерзімді активтер;

M_K – меншікті капитал;

M_{AK} – меншікті айналым капиталы.

Қаржылық тұрақтылықты бағалау кезінде айналым қаражаттарының құрамы көз-қарасы тұрғысынан қызмет етуші капиталдың (меншікті айналым капиталының) маневрлілік коэффициенті орынды болып табылады. Ол келесі формула арқылы есептелінеді:

$$K_{MAKM} = (A_K + K_{MAK}) / (M_K + Y_{M.M.} - Y_{M.A.}), \quad (9)$$

мұнда K_{MAKM} – меншікті айналым капиталының маневрлілік коэффициенті;

A_K – ақша-қаражаттар;

$Y_{M.M.}$ – ұзақ мерзімді міндеттемелер;

$Y_{M.A.}$ – ұзақ мерзімді активтер;

M_K – меншікті капитал;

K_{MAK} – қысқамерзімді қаржылық салымдар.

Осы көрсеткіш абсолютті өтімді болып табылатын ақшалай және жылдам жүзеге асырылатын бағалы қағаздар түрінде болатын меншікті айналым қаражаттарының бөлігін сипаттайды. Қалыпты қызмет ететін кәсіпорынның үшін берілген көрсеткіш нөлден бірге дейін өзгеріп отырады. Басқа жағдайлар тұрақты болған кезде, көрсеткіштің өсуі ұйым үшін жағымды тенденция болып табылады. Инвестициялық коэффициенті меншікті капиталдың қандай бөлігі негізгі капиталға келетінін, яғни айналымнан тыс активтерге салынған меншікті капиталдың үлесін көрсетеді, оның шекті мәні $\geq 0,5$ болуы қажет. Инвестициялық коэффициент келесі формула арқылы есептеледі

$$K_I = M_K / Y_{M.A.}, \quad (10)$$

мұндағы K_I – инвестициялық коэффициент;

M_K – меншікті капитал;

$Y_{M.A.}$ – ұзақ мерзімді активтер.

Талдаудың кең таралған құралдарының және бірі индекстік әдісі ол құбылыс деңгейінің өзгерісін бағалауға, қорытынды көрсеткіш өзгерісіндегі фактордың ролін анықтайтын талдамалық мәселені шешуге, жиынтық құрылымы өзгерісінің әсерін бағалауға мүмкіндік беретін, салыстырмалы көрсеткіштерге негізделген және ол орташа өзгерістерді сипаттайтын көрсеткіш болып та қызмет етеді.

Бұдан тыс олар абсолют өзгерістерді де сипаттауы мүмкін, өйткені орташа салыстырмалы өзгерістен абсолют өзгерістер де көрініс табылады [4, 146-173 б.]. Индекс экономикалық көрсеткіш болғандықтан, орташа салыстырмалы және абсолют өзгерістерді бірдей бейнелейді. Бұл әдіс экономикалық құбылыстардың екі немесе одан артық жағдайына тиісті көрсеткіштерді салыстырмалы күйге келтіріп, олардың арасындағы сәйкестіктер арқылы құбылыстардың өзгерісін өлшейді. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдауындағы жаңашыл жолдарды қарастыру, әртүрлі өміршендік кезеңдерінің экономикалық ұйымдастыру ерекшеліктерін есепке ала отырып, талдау әдістерін зерттеу және қаржылық жағдайды бағалау, кәсіпорынның шаруашылық жағдайын жүр-

гізу және кәсіпорында қаржылық талдауды жетілдірудің жаңа жолдарын қарастыруда жұмыстың нәтижелерін келесідей ұсыныуға болады:

- кәсіпорындарды басқару жүйесінде қаржылық қызметті талдауда экономикалық маңызын аша білу;
- оның қаржы-шаруашылық қызметін талдауда тәжірибелік ұсыныстарын анықтау;
- дағдарыс жағдайда шаруашылық қызметін талдаудың маңыздылығы мен қажеттілігін дәлелдеу.

Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы кәсіпорындағы құбылыстардың, яғни оның қаржылық жағдайын талдаудың кемшіліктерін жою жолдарын іздеу болып табылады және кәсіпорынның экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында жан-жақты зерттеу қажет.

Әдебиеттер

1. Өтебаев Б.С. Қаржылық талдау: Оқулық. – Астана: 2010. – 170 б.
2. Абдурахманов М.А. Статистика теориясы: Моногр. – Астана: ҚР БҒМ Дарын орталығы. 2010. – 167 б.
3. Ковалев В.В. Финансы организаций (предприятий). – М.: Финансы и статистика, 2011. – 352 с.
4. Абдурахманов М.А. Экономикадағы статистикалық әдістер: Оқу құралы. – Астана: Қаз ЭҚХСУ БПО, 2019. – 310 б.

Аннотация

Основой для принятия решений в экономической сфере является анализ финансового состояния предприятия. Это сложная система внутренних и внешних связей. Выявление и описание происходящих здесь явлений не вносят существенного вклада в практику. Главное здесь – посредством анализа выявить основные характеристики и направления деятельности предприятия, создать проекты на будущее, создать на их основе производственные и финансовые планы, а также контролировать и определить реализацию этих планов. При изучении финансового состояния предприятия необходимо выявить факторы, влияющие на него, а также изучить основные методы и критерии оценки финансового состояния. Задача использования метода абсолютных и относительных показателей, который является эффективным и удобным, очень важна для оценки финансового состояния предприятия.

Abstract

The basis for decision-making in the economic sphere is the analysis of the financial condition of the enterprise. It is a complex system of internal and external connections. Identification and description of the phenomena occurring here do not make a significant contribution to practice. The main thing here is to identify the main characteristics and areas of activity of the enterprise through analysis, to create projects for the future, to create production and financial plans based on them and to monitor and determine the implementation of these plans. In the study of the financial condition of the enterprise to identify the factors that affect it and to study the main methods and criteria for assessing the financial condition. The task of using the method of absolute and relative indicators, which is effective and convenient, is very important for assessing the financial condition of the enterprise.



Ш.А. Омарова, к.э.н.,
доцент кафедры «Финансы и таможенное дело»
АО «Финансовая Академия»
г. Нур-Султан

ФИНАНСОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрен механизм финансового регулирования малого и среднего субъектов бизнеса посредством финансового инструмента: уставного (собственного) капитала, финансовых рерурсов. Отечественное законодательство по регулированию предпринимательской деятельности в качестве одного из важных инструментов финансового регулирования использует ее финансовое обеспечение, а именно: определение минимального размера уставного капитала. Именно с этим денежным фондом связана материальная ответственность учредителей по исполнению денежных обязательств перед партнерами.

Ключевые слова: субъект предпринимательства, уставный капитал, источники формирования уставного капитала, собственный капитал, заемный капитал.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік субъектісі, қаржылық капитал, жарғылық капиталды қалыптастырудың қозі, жеке меншік капиталы, қарыз капиталы.

Keywords: enterprise subject, authorized capital, sources of authorized capital formation, own capital, borrowed capita.

Финансовые ресурсы являются основой малого бизнеса. Целесообразно отметить неоднозначное понимание и теории и на практике соотношения между категориями «финансовые ресурсы» и «денежные доходы». В некоторых случаях финансовые ресурсы рассматриваются как денежные доходы, которые связаны с оперативной деятельностью субъекта предпринимательства. [1] Согласно другому авторитетному подходу финансовые ресурсы рассматриваются как денежные фонды, формируемые посредством обособления денежных средств, предназначенных на покрытие определенных видов доходов [2]

Таким образом, нет четкого ответа на вопрос, что в понимании исследователей представляют денежные доходы – источники финансовых ресурсов или финансовые ресурсы.

Вместе с тем на практике при организации и управление бизнесом наличие финансовых ресурсов, обеспечение потребностей в них являются определяющими критериями в оценке их деятельности, в том числе финансового состояния.

Традиционно финансовые ресурсы формируются за счет собственного и заемного капиталов. При этом собственный капитал является определяющим. По его состоянию, динамики роста судят о финансовом состоянии субъекта предпринимательской деятельности, его позиции на рынке. Такие финансовые коэффициенты как доходность, прибыльность собственного капитала в мировой практике являются экономическими ориентирами целесообразности вложения инвестиций в бизнес конкретного предпринимателя.

Возможность привлечения заемного капитала в хозяйственный оборот также зависит от состояния собственного капитала. Кредиторы, в том числе коммерческие банки не скорее будут заключать кредитные соглашения с заемщиком, собственный капитал которого используется неэффективно, либо отсутствует вообще.

С теоретической позиции собственный капитал выполняет традиционно три основные функции. Во-первых, он является имущественной основой для предпринимательской деятельности. Именно за счет собственного капитала предприятие начинает формировать материальную базу, финансировать первоначальные затраты, обеспечивает ликвидность и платежеспособность. В последующем, объем собственного капитала определяет финансовое положение предприятия и

его позиции на рынке. При определении рейтинга деловой активности, финансового состояния объем собственного капитала является определяющим.

Во-вторых, собственный капитал определяет долю участника в формировании уставного капитала, а следовательно его позицию в управлении бизнесом, распределении доходов. В-третьих, собственный капитал гарантирует выполнение обязательств перед третьими лицами. Конкретное назначение собственного капитала, реализация объективных его функций тесно взаимосвязана с организационно-правовой формой предпринимательской деятельности.

Осылайша, қарастырылып отырған ұйымда ғылыми қызметкерлердің еңбегімен қанағаттану индексі 19,9%-ға тең. Қалыпты (7-баллдық шкаланы қолданғанда) 35% қанағаттану индексі болып саналады. Осыған байланысты, қосымша талдауға ең аз мәні бар факторлар топтары жатады, атап айтқанда жұмыста тұрақтылық, басшылық тарапынан мойындау және көтермелеу, мерзімдік аттестаттау негізінде мансаптық сатымен жылжу мүмкіндігі, тұрақты оқу мүмкіндігі, ғылыми тағылымдамалар.

«Еуразиялық жүйелі зерттеулер институты» ҚБ қызметкерлері жұмысының тиімділігі аттестаттау жүйесі арқылы бағаланды. ББ аттестаттау рәсімін талдай отырып, қолданыстағы аттестаттау рәсімінің негізгі кемшіліктері анықталды, атап айтқанда:

- қызметкерлерді тікелей басшы бағалайтын дәстүрлі аттестаттау жүйесі (басшылар тобы);
- бағалаудың салыстырмалы жоғары субъективтілігі, олар тікелей басшының жеке басына және оның қызметкерге қатынасына байланысты.

Аттестаттаудың дәстүрлі әдістерімен қатар (стандартты бағалау және саралау әдісі) біз аттестатталушының іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау үшін «360 градус әдісі» қолданылды [8]. Бұл әдіс бағалауда субъективті көз қарасты болдырмауға мүмкіндік береді. «360 градус» әдісі бойынша сапалы бағалау жүргізу үшін үлкен дайындық жұмыстары қажет болды.

Аттестатталушы қызметкерді 70 және одан жоғары балл жинаған кезде ол қызметі бойынша, тиісінше, ғылыми қызметкерлер мен аға ғылыми қызметкерлер лауазымдарына жоғарылатылады; 85 және одан жоғары балл жинаған кезде – үміткер кадр резервіне енгізіледі.

Бағалау іс-шараларын жүргізу тәжірибесі, басшы қызметінің бағалау рәсімдерінің және басқару персоналының резерв тобын қалыптастырудың оңтайлы моделінің, сондай-ақ үлкен әлеуетті мүмкіндіктері бар мамандарды анықтау кезінде басшылардың тұлғалары туралы ақпаратты жинаудың үш сатылы моделі ұсынылғанын көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл технология жетекшінің кәсіпорын мәселелері мен перспективаларының нақты кәсіби секторындағы жағдайға ие болуын ғана емес, сонымен қатар оның жұмысына қажетті кәсіби білімге қаншалықты жақсы ие екендігі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді [9]. Мұнда басшы лауазымдарға резервтің әлеуетті мүмкіндіктерін дұрыс бағалау өте маңызды. Басшы пайымдаулар мен бағалар туралы немесе тағы бір нәрсе туралы сөз болғанына қарамастан, өз ойларын нақты жеткізе білуі тиіс.

«Еуразиялық жүйелі зерттеулер институты» ҚБ жетекшілерін аттестаттаудың бұрынғы жүйесі көп мақсатты бағытқа ие болды. Ұсынылатын аттестаттау рәсімі неғұрлым біріздендірілген, жеңілдетілген болып табылады; аттестаттау объектісін нақтылауды және аттестаттаудың неғұрлым заманауи әдістерін қамтиды.

Басшыларды аттестациялаудың қазіргі заманғы рәсімін (алгоритмін) әзірлеу оның экономикалық тиімділігін есептеуді талап етеді, ол аттестация өткізілгенге дейін және одан кейін нәтижелерге ақшалай шығындардың қатынасында болады [10]. Орта буын басшылары үшін кәсіби дағдыларды арттыру бойынша қосымша шығындар тренингтермен, семинарлармен байланысты болады. Кәсіби курстарды өткізуден түскен қосымша табыс бөлімдердің басшылары мен олардың орынбасарларының кәсіби даярлығы есебінен түсімнің орташа алғанда бұрынғы деңгейден 20%-ға артуына алып келеді және сыртқы ортаның өзгеруіне (көрсетілетін қызметтер мен жүргізілетін жұмыстар көлемінің өсуіне) барабар әрекет етуге алып келеді.

Осылайша, аттестаттауды өткізу бойынша айтылған ұсыныстар мен ұсынымдарды іс жүзінде іске асыру «Еуразиялық жүйелік зерттеулер институты» ҚБ кәсіпорнының кадрлық әлеуетінің тиімділігін арттыруға және оның еңбегін мазмұнды әрі маңызды етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Москалева Н.В., Кузьменкова В.Д. Методы экономических исследований / ФГБОУ Смоленская ГСХА / Смоленск, 2016. – С.86.
2. Гартованная О.В., Саенок С.Г., Острикова О.А. Аттестация персонала как составляющая часть кадровой политики / Экономика и бизнес: теория и практика. – 2015. – №7. – С.14-16.
3. Устав общественного объединения «Евразийский институт системных исследований»
4. Финансовая отчетность «Евразийский институт системных исследований»
5. Соотношение производительности труда и заработной платы / <https://warmandcozy.ru/sootnoshenie-proizvoditelnosti-truda-i-zarabotnoi-platy-sootnoshenie.html>
6. Москвин А.М. Оценка профессиональных качеств руководителей и специалистов / А.М. Москвин, В.В. Ушаков / Проблемы современной науки. – 2015. – №16. – С.168-175.
7. Базаров Т.Ю., Беков Х.А., Аксенова Е.А. Методы оценки управленческого персонала государственных и коммерческих структур / ИПК ГС. – 2009. – С.120-126.
8. Варламова Е. Оценка персонала по методу «360 градусов» / Кадровое дело, №11, ноябрь 2004 / <https://www.ipnou.ru/article.php?idarticle=001240>
9. Роечко Н.О. Совершенствование системы деловой оценки персонала в организации / Молодой ученый. – 2016. – №10. – С.838-845.
10. Михайлова А.В. Аттестация как инструмент управления стратегией развития организации / <https://cyberleninka.ru/article/n/attestatsiya-kak-instrument-upravleniya-strategiye-razvitiya-organizatsii-na-primere-proektnoy-organizatsii/v>

Аннотация

Система аттестации должна быть направлена на всестороннее развитие кадрового потенциала сотрудника. Правильно построенная система аттестации является эффективным инструментом реализации как стратегии управления персоналом, так и стратегии организации в целом. Аттестация должна обеспечивать взаимосвязь миссии, стратегии, взглядов, ценностей и увязывать отдельные задачи с целями организации. Целью этой работы является проведение анализа действующей системы аттестации деятельности персонала на примере научно-исследовательской организации (ОО «Евразийский институт системных исследований»), выявление имеющихся проблем и поиск путей их решения. Для оценки эффективности действующей системы аттестации, получения информации об отношении сотрудников к проблеме оценки проведено анкетирование сотрудников. Для более глубокого описания использования персонала было проведено анкетирование по вопросам удовлетворенности работой в институте, проведен расчет индекса удовлетворенности работой сотрудников организации. В настоящее время проведен анализ методов работы с персоналом. Рассмотрены вопросы совершенствования развития кадрового потенциала. К процедуре аттестации сотрудников предлагается современный многоступенчатый подход. Разработаны методические правила процедуры аттестации руководителей и сотрудников института.

Abstract

The certification system should be aimed at the comprehensive development of the employee's human resources potential. A properly constructed certification system is an effective tool for implementing both the HR management strategy and the organization's strategy as a whole. Certification should ensure that the mission, strategy, views, and values are interlinked and that individual tasks are linked to the organization's goals. The purpose of this work is to analyze the current system of certification of personnel activities on the example of a research organization (NGO «Eurasian Institute for system research»), identify existing problems and find ways to solve them. To assess the effectiveness of the current certification system, to obtain information about the attitude of employees to the problem of evaluation, a survey of employees was conducted. For a more in-depth description of the use of personnel, a survey was conducted on job satisfaction at the Institute, and the organization's employee satisfaction index was calculated. Currently, the analysis of methods of working with personnel is carried out. The issues of improving the development of human resources are considered. A modern multi-step approach is proposed to the employee certification procedure. Methodological rules of the certification procedure for managers and employees of the Institute have been developed.



ӘОЖ 336.027

Ғ.Е. Керімбек, *э.ғ.к., қауымдастырылған профессор*¹

А.К. Керімбек, *э.ғ.м., аға оқытушы*²

Г.Қ. Тоқсанбаева, *э.ғ.м., аға оқытушы*³

*Астана университеті*¹

Нұр-Сұлтан қ.

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*²

Нұр-Сұлтан қ.

*Шымкент университеті*³

Шымкент қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Салық ұғымы, бұл ерте кезден, мемлекет өзінің қажеттілігі үшін алынатын міндетті төлем ретінде пайда болған. Тарихтан бүгінгі күнге дейін тек салықтардың жекелеген түрлері ғана жетті. Салықтың түрлері мемлекеттің құрылуымен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүруі мен дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашан да болса, оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасып отырған. Мемлекет салық салу жүйесі арқылы салықтарды бекіту, енгізу және оларды алу жөніндегі қызметтерді жүзеге асырады. Салық салу – мемлекет қаржысын және табысты толықтыруды реттеу әдісі болып саналады, яғни мемлекет салық салу үдерісі негізінде әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Кілт сөздер: *салық, бюджет, қаржы, кіріс, шығыс, салық салу, салықтық түсімдер*

Ключевые слова: *налоги, бюджет, финансы, доходы, расходы, налогообложение, налоговые поступления.*

Keywords: *taxes, budget, Finance, income, expenses, taxation, tax receipts.*


Салықтар – тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуімен және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болды. *Салық-*

тың экономикалық мәні – шаруашылық субъектілерінен, азаматтардан ұлттық табыстың бір бөлігін алу жөніндегі өндірістік қатынастардың бір бөлігі болып табылатындығында. Салықтың мәні – мемлекет өз пайдасына Жалпы Ішкі Өнімнің белгілі мөлшерін нақтылы жарна ретінде алып қалады. Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің негізі болып саналады. Мемлекетті ұстау үшін, халықтың ақшалай немесе натуралдық нысанда тұрақты түрде төлейтін жарналары қажет болады. Адамзаттың даму тарихында салықтың нысандары мен әдістері мемлекеттің сұранымдары мен қажеттіліктеріне қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап отырды [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында «Егер ұлттық табысты әділ бөлудің маңыздылығы туралы айтар болсақ, барша азаматтарға дәл сондай ұғынықты болатын салық саясатын әзірлеуіміз керек. Бүгінде салықтар мен алымдардың 40-қа жуық түрі бар. Оны басқару ісі тым күрделі және негізінен мәжбүрлік сипатқа ие болып отыр. Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп және депутаттық корпусты тарта отырып, Салық кодексі және заңға сәйкес актілерді егжей-тегжейлі қайта қарауды тапсырамын. Мақсатымыз – салықтық міндеттемелерді орындауды барынша жеңілдету және салықтар мен өзге де төлемдердің санын азайту. Бюджетті әртараптандыру мен толықтырудың қосымша тетігі ретінде салықтық мөлшерлемелерді жіктеу жөнінде де ойлану керек. Шағын және орта бизнес секторы бойынша пандемиядан көп зардап шеккен кәсіпкерлерге бөлшек сауда салығын айналым есебінен төлеуге мүмкіндік беру қажет деп есептеймін» деп атап өтті [2].

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында салық түсімдері 930 млрд теңгеге төмендеді. Оның ішінде Ұлттық қорға салықтық түсімдер үштен бірге қысқарды. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың бюджеттері (ауылдар, аудандар, қалалар, облыстар) және тиісті заңмен бекітілетін республикалық бюджет бекітіледі, орындалады және дербес болып табылады. Талдамалық ақпарат ретінде бекітуге жатпайтын мемлекеттік және шоғырландырылған бюджет те қалыптастырылады. Мемлекеттік бюджет олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда республикалық және жергілікті бюджеттерді қамтиды.

Шоғырландырылған бюджет мемлекеттік бюджетті, сондай-ақ олардың арасындағы өзара өтелетін операциялар ескерілмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын қамтиды. Айта кетейік, мұнай секторы ұйымдарынан түсетін барлық тікелей салықтар Ұлттық қорға түседі.




Сурет 1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің кірістері мен шығыстары (2020 жылдың 6 айының көрсеткіштері бойынша)

2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қазақстанның шоғырландырылған бюджетінің (ШБ) кірістері 7 538 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,3%-ға жоғары. ШБ шығыстары 23,7%-ға 7 399 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте ШБ ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында бюджеттік кредит беруді (-214,5 млрд теңге) және қаржы активтерімен жасалатын операцияларды (-264,9 млрд теңге) ескере отырып, 343,3 млрд теңге тапшылығымен қалыптасты (1-сурет).

Сонымен қатар, ағымдағы жылы ШБ кірісінің артуы негізінен Ұлттық қорды басқарудан түсетін табыстың өсуіне байланысты, ол 2020 жылдың бірінші тоқсанында 2019 жылдың алғашқы үш айында 405,6 млрд теңге кіріске қарағанда 2 559 млрд теңгені құрады. Айта кету керек, бұл сандар тіркелген кіріс емес, тек бір сәтте теңгедегі инвестициялар құнының өзгеруін көрсетеді. Сондай-ақ, 2020 жылдың бірінші тоқсанында осындай елеулі инвестициялық табыс теңге құнының күрт төмендеуімен байланысты болғанын атап өтеміз. Естеріңізге сала кетейік, USDKZT бағамы ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында 17%-ға, бір доллар үшін 382,6 теңгеден 447,7 теңгеге дейін өсті.

Сонымен қатар, бюджетке салықтардан түсетін түсімдердің айтарлықтай төмендеуі байқалады. Осылайша, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында жиынтық салықтық түсімдер 4 814 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,2%-ға төмен. Бұл ретте республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер 27,0%-ға төмендеді, Ұлттық қорға түсетін түсімдер 31,2%-ға азайды және жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдер ғана 34,9%-ға ұлғайды. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің ұлғаюы және республикалық бюджетке түсетін түсімдердің төмендеуі белгілі бір дәрежеде 2020 жылдың басынан бастап ШОБ-тен түсетін КТС жергілікті бюджеттерге есептелетіндігіне байланысты екенін атап өткен жөн (2-сурет).

Салық түсімдері, млрд теңге




Сурет 2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетіне түскен салықтық түсімдер (2020 жылдың 6 айының көрсеткіштері бойынша)

Шоғырландырылған бюджеттің жиынтық шығыстары ағымдағы жылдың алты айында 1 420 млрд теңгеге немесе өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 23,7%-ға ұлғайып, 7 403 млрд теңгені құрады. Түзетілген бюджет бойынша шығыстар 2020 жылы 16 930 млрд теңгені құрауы тиіс. Осылайша, 2020 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша жылдық бюджеттің шығыс бөлігі 43,7%-ға орындалды. Сонымен қатар, шығындардың негізгі өсімі білім беруге (+402,6 млрд теңге), денсаулық сақтауға (+269,6 млрд теңге), әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға (+226,7 млрд теңге) және ТКШ (+165,1 млрд теңге) келді (3-сурет) [3].

Бес айдың қорытындысы бойынша салықтық түсімдер 14,8%-ға төмендеді. Ұлттық қорға түсетін түсімдер 403 млрд теңгеге, ал республикалық бюджетке 667 млрд теңгеге азайды.

Шоғырландырылған бюджеттің шығыстары



Сурет 3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің шығыстары (2020 жылдың 6 айының көрсеткіштері бойынша)

Covid-19 эпидемиясына байланысты халықты қашықтықтандыру бойынша шаралар және мұнай котировкаларының төмендеуі жиынтық салықтық түсімдерге теріс әсер етеді. Осылайша, 2020 жылдың бес айының қорытындысы бойынша бюджетке түсетін салық түсімдері 4 354,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,8%-ға төмен. Бұл ретте республикалық бюджетке түсетін салық түсімдері 24,5%-ға төмендеді, ал жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 32,7%-ға өсті. Бес айдың қорытындысы бойынша Ұлттық қорға салықтық түсімдер 27,9%-ға төмендеді.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің ұлғаюы 2020 жылдың басынан бастап шағын және орта бизнестен (ШОБ) түсетін корпоративтік табыс салығы (КТС) жергілікті бюджетке есептелуіне байланысты. 2020 жылдың бес айында ШОБ-тан түсетін КТС бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдер көлемі 220,7 млрд теңгені құрады. Аталған салықтарды есепке алмағанда да жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер 9,5%-ға ұлғайды. Атап айтқанда, әлеуметтік салық бойынша түсімдердің 14,6%-ға 304,9 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен, сондай-ақ «тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге ішкі салықтардан» түсімдердің 18,8%-ға 176,0 млрд теңгеге дейін артуы есебінен болды. Өңірлер бойынша жергілікті бюджеттерге түсімдерді бөлу кезінде Алматы қаласына барлық түсімдердің 20,9% келеді. Бұл ретте, Алматы қаласы бойынша ШОБ-тан түсетін КТС бойынша түсімдердің көлемі 2020 жылдың бес айында 84,5 млрд теңгені немесе бүкіл ел бойынша төлемдердің осы түрі бойынша барлық салық төлемдерінің 38,3%-ын құрады.

Сонымен қатар, республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер 667,2 млрд. теңгеге азайды, оның 220,7 млрд теңгесі ғана ШОБ-тан жергілікті бюджеттерге КТС берумен байланысты. Сонымен қатар, республикалық бюджет кірістерінің төмендеуі «тауарларға, жұмыстарға және

қызметтерге салынатын ішкі салықтардан» (-150,7 млрд теңге) және «халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтардан» (-264,6 млрд теңге) түсетін түсімдердің азаюына байланысты орын алуда.

Сонымен қатар, Ұлттық қорға салықтық түсімдер 2020 жылдың қаңтар-мамыр айларында 1 042,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 402,8 млрд теңгеге төмен. Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС) қоспағанда төлемдердің барлық түрлері бойынша түсімдердің төмендеуі байқалады. Атап айтқанда, КТС бойынша түсімдер 202,9 млрд теңгеге, 379,1 млрд теңгеге дейін төмендеді, ал өнімді бөлу бойынша ҚР үлесі 369,4 млрд теңгеден 263,7 млрд теңгеге дейін азайды [4].

Қазіргі кезде әлемді дүр сілкіндірген Covid-19 эпидемиясына байланысты халықты қашықтықтандыру бойынша шаралар және мұнай котировкаларының төмендеуі жиынтық салықтық түсімдерге теріс әсер еткенін көруге болады. Осылайша, 2020 жылдың жарты жылдығы бойынша салықтық түсімдер 15-30%-ға төмендеді. Ал республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер 24,5%-ға төмендегені байқалды, ал жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдер 32,7%-ға өсті. Сондай-ақ Ұлттық қорға салықтық түсімдер 27,9%-ға төмендегенін көрсетті.

Қорыта келгенде, карантиндік шараларға қарамастан салықты мерзімінде төлеу міндет болып саналады. Себебі мерзімінде төленбеген салықтың есебінен әлеуметтік-экономикалық және басқа да төтенше жағдайлар кезіндегі төлемдердің сомалары өсіп кетеді. Сондай-ақ мемлекет Басшысы және Үкімет салықтық төлемдерді мерзімінде төлеуді кешіктіргені үшін түсіністікпен қарап, айыппұл мен өсімпұл сомаларын кешіруде. Сондықтан әрбір салық төлеуші жеке және заңды тұлғалар егеменді еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өзіндік бір үлес қосып келеді.

Әдебиеттер

1. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ф.Е. Салық және салық салу: Оқулық. – Т. 1, Өнд., толықт. 3-ші бас. – Алматы: Экономика, 2013. – 582 б.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі. 2020 жылғы 1 қыркүйек. Электрондық ресурc: <https://www.akorda.kz>
3. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында салық түсімдері 930 млрд. теңгеге төмендеді. Электрондық ресурc: <http://www.afk.kz/kz/analytics/monitor-mfrk/v-pervom-polugodii-2020-godanalogyie-postupleniya-snizilis-na-930-mlrd-tenge.html>
4. Бес айдың қорытындысы бойынша салықтық түсімдер 14,8%-ға төмендеді. Электрондық ресурc: <http://www.afk.kz/kz/analytics/monitor-mfrk/nalogyie-postupleniya-snizilis-na-14,8-poitogam-pyati-mesyaczev-2020-goda.html>

Аннотация

Понятие налога возникло с ранних времен как обязательный платеж, взимаемый государством для собственных нужд. В истории до сегодняшнего дня дошли лишь отдельные виды налогов. Виды налогов возникли вместе с образованием государства и являются основой функционирования и развития государства. Изменение структуры государства, процветание всегда складывалось вместе с преобразованием и обновлением налоговой системы. Государство через налоговую систему осуществляет функции по утверждению, введению и сбору налогов. Так налогообложение – это метод регулирования государственных средств и пополнения доходов, т.е. государство на основе процесса налогообложения удовлетворяет социально-экономические потребности.

Abstract

The concept of tax arose from early times as a mandatory payment collected by the state for its own needs. In history, only certain types of taxes have survived to this day. Types of taxes arose with the formation of the state and are the basis for the functioning and development of the state. Changing the structure of the state, prosperity has always been combined with the transformation and renewal of the tax system. The state, through the tax system, performs the functions of approving, introducing and collecting taxes. Taxation is a method of regulating public funds and replenishing income, i.e. the state meets social and economic needs based on the taxation process.

У.Б. Юсупов, PhD, ассоциированный профессор

Н.В. Шереметова, магистр, ст. преподаватель

*Казахский университет экономики,
финансов и международной торговли
г. Нур-Султан*

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ НАЛОГОВОГО УЧЕТА В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрено как рациональное требование учета определяет целесообразность организации его как единой учетной информационной системы, основанной на интеграции на предприятии и эффективной взаимосвязи различных видов учета. При определении коммуникационного взаимодействия финансовой и налоговой отчетности как подсистемой системы учета предприятия должна обеспечиваться относительная независимость организации учетного процесса от какого-либо определенного вида отчетности. Интегрированная система учета позволяет удовлетворять потребности всех заинтересованных пользователей в рамках единой учетной информационной базы. При этом затраты на его создание, ведение и внедрение в процесс учета предприятий должны быть экономически обоснованными. Слабая разработка теоретических вопросов взаимодействия бухгалтерского и налогового учета и практическая необходимость организационно-методических подходов в их интеграции основывается на актуальности выбранной темы научной статьи и содержании рассматриваемых вопросов.

Ключевые слова: *трехкомпонентная интегрированная система, фискализация, транзакция, цифровизация, Единый реестр, функциональные требования, технические требования, системные требования.*

Кілт сөздер: *үш компонентті интеграцияланған жүйе, фискализация, транзакция, цифрландыру, бірыңғай реестр, функционалдық талаптар, техникалық талаптар, жүйелік талаптар.*

Keywords: *three-component integrated system, fiscalization, transaction, digitalization, Unified register, functional requirements, technical requirements, system requirements.*

Трехкомпонентная интегрированная система – интегрированная система, состоящая из ККМ с функцией фиксации и передачи данных, устройства для приема безналичных платежей (POS-терминал), а также оборудования, оснащенного системой автоматизации управления торговли, оказания услуг, выполнения работ и учета товаров, или программно-аппаратного комплекса, заменяющего все три компонента интегрированной системы. Требования к ТИС и ее учету, порядок ее установки и применения устанавливаются уполномоченным органом по согласованию с центральным государственным органом в области государственного планирования, уполномоченным государственным органом, осуществляющим реализацию государственной политики в области связи, и Национальным банком Республики Казахстан. Ведение и сопровождение ее Единого реестра осуществляется КГД МФ Республики Казахстан. Серверное оборудование и рабочие станции, обеспечивающие функционирование интегрированной системы, размещаются на территории Республики Казахстан.

ТИС обеспечивает в целях ведения единого учета по всем объектам предпринимательской деятельности возможности интеграции системы автоматизации управления торговли, оказания услуг, выполнения работ и учета товаров с любым количеством других компонентов ТИС (контрольно-кассовых машин с функцией фиксации и передачи данных, включенных в государственный реестр контрольно-кассовых машин, систем (устройств) для приема безналичных платежей).

При этом ТИС обеспечивает в порядках, определенных Законом Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» и Международным

Стандартом Финансовой Отчетности (IFRS) для предприятий малого и среднего бизнеса, учета движения товарно-материальных запасов (оприходование, списание, перемещение, продажи, возвраты продаж и покупок, инвентаризацию) в количественном и стоимостном выражении, на одном или нескольких складах по остаткам, резервам, и партиям товаров в целях завершения каждой из операций формированием соответствующего документа и осуществления в рамках одной операции (транзакции) реализации, фискализации (с выдачей фискального чека) и выбытия товарно-материальных запасов;

– реализации товаров, работ и услуг в количественном и стоимостном выражении;
– движения денег от операционной, инвестиционной и финансовой деятельности, в том числе учета банковских операций и операций по кассе, с отображением всех изменений за отчетный период;

– доходов;

– расчетов по оплате труда персонала;

– расчетов по налоговым обязательствам и социальным платежам [1].

Таким образом, ТИС осуществляет в рамках одной операции (транзакции) реализацию, фискализацию (с выдачей фискального чека) и выбытие товарно-материальных запасов.

Кроме того модели ТИС, разрешенные к использованию на территории Республики Казахстан для целей налогообложения, подлежат включению в Единый реестр ТИС, и публикации на сайте Комитета государственных доходов. В этих целях, собственник ТИС должен подать заявление, установленные требованиями документы и ТИС для тестирования. В свою очередь, пользователь ТИС (индивидуальный предприниматель, применяющий специальный налоговый режим (СНР) на основе патента или на основе упрощенной декларации) обязан поставить ТИС на учет в органах государственных доходов по месту нахождения пользователя ТИС и указать данные по ним в налоговой отчетности.




Рисунок 1. Этапы регистрации трехкомпонентной интегрированной системы *

* Составлен по данным источника [3]

При несоответствии требованиям Налогового кодекса нельзя применять увеличенный порог для постановки на учет по налогу на добавленную стоимость и предельный размер дохода для индивидуальных предпринимателей, применяющих СНР на основе упрощенной декларации. Относительно приема оплаты денежных средств посредством карточки на территории Республики Казахстан денежные расчеты производятся с обязательным применением контрольно-кассовых машин. Денежные расчеты – расчеты, осуществляемые за приобретение товара, выполнение работ, оказание услуг посредством наличных денег и (или) расчетов с использованием платежных карточек. Под системой учета товаров подразумевается оборудование, оснащенное системой автоматизации управления торговли, оказания услуг, выполнения работ и учета товаров [2].

Этапы регистрации трехкомпонентной интегрированной системы рассмотрены на рисунке 1.

Рассмотрим требования, предъявляемые к трехкомпонентной интегрированной системе и ее учету в таблице 1.

Таблица 1

Технические требования, предъявляемые к трехкомпонентной интегрированной системе и ее учету *

Наименование требований	Описание требований
Технические требования	- технические средства для функционирования ТИС;
	- программное обеспечение системы;
	- обеспечение работы ТИС в фискальном режиме;
	- обеспечение приема безналичных платежей;
	- обеспечение приема безналичных платежей;
	- обеспечение возможности автоматизированного считывания маркировки товаров и (или) услуг;
	- формирования, приема и использования ЭСФ;
	- обеспечение возможности интеграции системы автоматизации управления торговли, оказания услуг;
	- соответствие системным требованиям;
	- обеспечение надежного хранения информации;
	- обеспечение ежедневного автоматического сохранения резервной копии базы данных и системного журнала транзакций;
	- обеспечение контроля полноты вводимых данных;
	- наличие справочников номенклатуры товаров, валют, поставщиков и покупателей товаров, работников, налоговых справочников;
	- наличие интеграции со складским и торговым оборудованием и поддержку принтера;
	- наличие функции выбора пользователем языка (государственный или русский язык), используемого в работе ТИС;
	- соответствие требованиям информационной безопасности, установленным законодательством Республики Казахстан об информатизации.

* Составлена по данным источника [3]

Для соответствия техническим требованиям необходимо соблюдение следующих принципов, рассмотрим их на рисунке 2.



Рисунок 2. Системные требования *

* Составлен по данным источника [3]

Рассмотрим функциональные требования, предъявляемые к трехкомпонентной интегрированной системе и ее учету в таблице 2.

Таблица 2

Функциональные требования, предъявляемые к трехкомпонентной интегрированной системе и ее учету *

Наименование требований	Описание требований
1	2
Функциональные требования	- формирование и использование учетных первичных документов, применяемых для оформления операций или событий
	- обеспечение накопления и систематизации информации, содержащейся в принятых к учету первичных документах
	- обеспечение: а) движения товарно-матер. запасов (оприходование, списание, перемещение, продажи, возвраты продаж и покупок, инвентаризацию) в колич. и стоимостном выражении; б) реализации товаров, работ и услуг в колич. и стоимостном выражении; в) движения денег от операц., инвестиц. и финанс. деятельности, в т.ч. учета банк. операций и операций по кассе, с отображением всех изменений за отчет. период; г) доходов; д) расчетов по оплате труда персонала; е) расчетов по налоговым обязательствам и социальным платежам
	- обеспечение в режиме реального времени взаимодействия с поставщиком платежных услуг при приеме безналичных платежей посредством системы
	- обеспечение формирования отчетов на основании агрегированных данных регистров учета
	- обеспечение возможности поиска информации по индивид. запросу, просмотра информации за предыдущие даты;

1	2
	- обеспечение формирования и сдачи налоговой отчетности в электр. виде и (или) на бумажном носителе;
	- обеспечение ведения налогового учета в соответствии с Правилами организации и ведения налогового учета

* Составлена по данным источника [3]

Цифровизация экономики привносит свои правила в систему сбора, хранения и обработки информации социально-экономических процессов. В связи с этим предъявляются новые требования, как к бухгалтерскому, так и налоговому учету. Его преобразование поможет сохранить его актуальность в конкуренции с новыми multifunctional цифровыми информационными системами.

В рамках реализации Послания Главы государства народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» от 10 января 2018 года Министерство финансов реализует ряд проектов, направленных на цифровизацию налогового и таможенного администрирования [4].

Сегодня Интернет-экономика растет с темпами до 25% в год в развивающихся странах, при этом ни один сектор экономики не может даже приблизиться к таким темпам. 90% всех глобальных данных были созданы всего за три последних года. Уже 35 млрд устройств подключены к интернету и осуществляют обмен данными – эта цифра в 5 раз превышает общую численность населения мира.

Усилия по цифровизации приводят к созданию нового общества, где активно развивается человеческий капитал – повышаются эффективность и скорость работы бизнеса за счет автоматизации и других новых технологий, а диалог граждан со своими государствами становится простым и открытым. Эти изменения вызваны внедрением за последние годы множества технологических инноваций, применяемых в разных отраслях. Кардинальным образом меняются способы производства и получения добавленной стоимости, появляются новые требования к образованию и трудовым навыкам людей.

Виртуальный склад – новый модуль информационной системы ЭСФ, предназначенный для контроля перемещения товаров в автоматическом режиме. Это определение дано в Правилах выписки электронных счетов-фактур. Система расположена портале на esf-vs.gov.kz.




Рисунок 9. Информационная система электронных счетов-фактур

Контроль реализации товаров внутри страны осуществляется в информационной системе «Электронные счета-фактуры». По состоянию на 15 января 2019 года количество зарегистрирован-

ных участников системы 281 тыс. (ИП – 108 тыс., ЮЛ – 173 тыс.), которыми выписано 163 млн ЭСФ. Из них 86 тысяч – плательщики НДС [5].

На базе действующей информационной системы «Электронные счета-фактуры» реализован модуль «Виртуальный склад», который позволит в режиме реального времени производить автоматизированный подсчет остатков товаров на складе налогоплательщика, а также отслеживать цепочку перемещения от ввоза в Казахстан до конечного потребления (списания).

Таким образом, совершенствование практики ведения налогового учета связано с расширением информационного потенциала существующего экономического пространства, цифровизацией экономики. При этом информационные технологии вызывают существенные модификации, как в методологии, так и в прикладном направлении науки о налоговом учете. В этой связи, автоматизация налогового учета в соответствии с новыми потребностями является необходимым этапом в его развитии. Изменения и улучшения такого метода учета помогут не потерять его актуальность в эпоху всеобщей цифровизации.

Литература

1. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года №234-III «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (с изм. и доп. по сост. на 01.01.2020г.) www.kgd.gov.kz (дата обращения: 01.07.2020 г.).

2. Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года №120-VI «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» (с изм. и доп. по сост. на 02.07.2020 г.)// www.kgd.gov.kz (дата обращения: 03.07.2020 г.).

3. Салық есебі: теория, әдістеме, ұйымдастыру: Моногр. / Ұ.Б. Юсупов; ред. М.Қ. Әлиев – Астана: Мастер По ЖШС, 2016. – 165 б.

4. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 5 октября 2018 г. «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни»//www.akorda.kz (дата обращения: 25.12.2019 г.).

5. Электронный ресурс: <https://esf.gov.kz:8443/esf-web/login>

Аңдатпа

Мақалада бухгалтерлік есептің ұтымды талабы ретінде кәсіпорынның интеграциясына және әр түрлі бухгалтерлік есеп түрлерінің тиімді өзара байланысына негізделген оны бірыңғай бухгалтерлік ақпараттық жүйе ретінде ұйымдастырудың орындылығын анықтайды. Қаржылық және салық есептілігінің коммуникациялық өзара әрекеттесуін кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүйесінің ішкі жүйесі ретінде анықтаған кезде бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың белгілі бір есеп түрінен салыстырмалы тәуелсіздігі қамтамасыз етілуі керек. Біріктірілген есепке алу жүйесі бірыңғай есепке алу ақпараттық базасы шеңберінде барлық мүдделі пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте оны құруға, жүргізуге және кәсіпорындарды есепке алу процесіне енгізуге жұмсалатын шығындар экономикалық негізделген болуы тиіс. Бухгалтерлік және салықтық есептің өзара іс-қимылының теориялық мәселелерінің нашар дамуы және оларды біріктірудегі ұйымдастырушылық-әдістемелік тәсілдердің практикалық қажеттілігі ғылыми мақаланың таңдалған тақырыбының өзектілігіне және қарастырылатын мәселелердің мазмұнына негізделеді.

Abstract

The article considers how a rational accounting requirement determines the feasibility of organizing it as a single accounting information system based on integration in the enterprise and effective interconnection of various types of accounting. When defining the communication interaction of financial and tax reporting as a subsystem of the enterprise accounting system, the relative independence of the accounting process organization from any particular type of reporting should be ensured. An integrated accounting system allows you to meet the needs of all interested users within a single accounting information base. At the same time, the costs of its creation, maintenance and implementation in the

accounting process of enterprises must be economically justified. The weak development of theoretical issues of interaction between accounting and tax accounting and the practical need for organizational and methodological approaches to their integration is based on the relevance of the chosen topic of the scientific article and the content of the issues under consideration.



ӘОЖ 311.216; 336.717.6

М.Қ. Әлиев, э.ғ.д., профессор

М.А. Алтынбеков, PhD, қауымдастырылған профессор

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті
Нұр-Сұлтан қ.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАРҒА САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттеудің мақсаты – салықты реттеу арқылы өндірістің, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету, шетелдік инвесторларды, ғылыми-техникалық прогресті ынталандыру шараларын жүзеге асыру. Бұл қызмет салық түрлері, салық ставкалары, салық жеңілдіктері, салық салу әдістері тәрізді салықтық реттеу тетіктері арқылы орындалады.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзекті мәселелерінің бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Өйткені ол әлеуметтік-экономикалық мәселелерін дамыту бағдарламасын шешу барысындағы қуатты тұтқаларының бірі болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлік нарықтық экономиканың негізгі элементі болып саналады, онсыз мемлекет өркендей алмайды. Бұл көбінесе экономикалық өсу қарқынын, ұлттық өнімнің жалпы құрылымы мен сапасын анықтайды. Қазіргі нарықтық экономикаға көшу кезінде ең маңызды мәселелердің бірі бухгалтерлік есепті жақсарту болып табылады. Кез келген субектідегі бухгалтерлік есеп экономикалық мәселелеріне сәйкес негізгі және маңызды қажеттілік болып саналынады.

Бухгалтерлік есептің көмегімен есептілікті жүзеге асыруға, сатып алуға, өндірілген өнімдерін ауыстыруға және түскен қаражатты тиімді және ұқыпты бөлуге, яғни субектідегі бүкіл шаруашылық үрдістерді басынан аяғына дейін есепке алуға болады. Ұйымдағы барлық экономикалық және технологиялық үрдістерді, сондай-ақ шаруашылық операцияларын есепке алу экономикалық талаптарға сәйкес бухгалтерлік есептің негізі болып табылады.

Кілт сөздер: *шағын және орта кәсіпорын, бухгалтерлік есеп, салық есебі, салық саясаты, аудит.*

Ключевые слова: *бухгалтерский учет, налоговый учет, налоговая политика, аудит.*

Keywords: *accounting, tax accounting, tax policy, audit.*

Кіріспе. Қазіргі кезеңде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту арқылы экономикамызда шешілмеген көптеген мәселелерді шешу, экономиканы тұрақтандыру және экономикалық дағдарыстан шығу мүмкіндігі туындайды.

Шағын және орта кәсіпорын капитал жинақтау қызметтерін жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан экономикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларын ретке келтіретін тетік ретінде қарастырылады. Бірақ көптеген шағын және орта кәсіпорындарды дамыту бағыттары анықталмаған.

Осыған байланысты кіріс алу және өз қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркеуден өткен Шағын және орта кәсіпорындар төлем қабілеттілігінің төмендігіне, қаржылық тұрақсыздығына байланысты жабылады. Шағын және орта бизнесті тиісті деңгейде дамыту және қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынның есебін дұрыс ұйымдастыру қажет. Яғни шағын және орта кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп бір немесе екі бекітілген бухгалтерлік есептермен жеке бөлімшелер бойынша жүргізілмей жүзеге асырылады. Осыған байланысты бухгалтер бөлімшелер бойынша есеп жүргізуге, алынған деректерге талдау жүргізуге және қаржылық есептілікті жасауға қабілетті жоғары білікті маман болуға тиіс.

Әдістер. Шағын және орта кәсіпорындарда салық салу, бухгалтерлік есепті жүргізу және ұйымдастыру бойынша берілетін жеңілдіктерге байланысты бухгалтерлер есеп жүргізуде қателіктер жібереді. Яғни, негізгі қызметтен (орындалатын жұмыстар, қызметтер, сатылатын өнім) түсетін табыс салығы бойынша көптеген кәсіпорындар әр түрлі мөлшердегі салықтарға байланысты. Бұдан басқа, шағын және орта кәсіпорындарда талдамалық есеп жүргізбей, барлық шығындар негізсіз есептен шығарусыз есептен шығарылады. Өзіндік құнға сәйкес кәсіпорындардың шығындар мөлшері жоғары сомада көрсетіледі.

Салық жүйесіне байланысты кейбір кәсіпорындар өткізу көлемінің мөлшерін, кірістерін және салықтарға сәйкес өздерінің есептік деректерін әдейі бұрмалайды. Осыған сәйкес шағын және орта кәсіпорындардың бухгалтерлік есебін ұйымдастыру одан әрі жетілдіруді талап етеді. Сонымен қатар, жоғары біліктілікке, әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерді шешудегі бухгалтерлердің жауапкершілігіне байланысты [1].

Салық жүйесінің негізгі мәселесі салықтық есептілікке, оны дайындауға, қалыптастыруға, салық ұйымдарына беруге байланысты қиындықтар болып табылады. Соның салдарынан, салық жүйесін қарау салық салудың мемлекеттік жүйесінен, салық есептілігін жасау мен салық органдарына тапсыру аяқталғанға дейін кәсіпорындарда салық есебін жүргізуден кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Есеп пен есептілікті жаһандандыру жағдайында тұтастай алғанда экономиканың дамуының маңызды сәті салық есептілігін жасаудың тиімділігі мен дәйектілігі болып табылады. Салық есептілігі салық есебінің теориялық негізделуінсіз жетілдірілмейді [2].

Салық есептілігінің саясаты-салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, салық есебін жүргізу тәртібін белгілейтін салық төлеуші қабылдаған құжат. Салық есептілігінің саясаты жеке бөлім түрінде әзірленген есепке алу саясатына сәйкес, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес енгізілуі мүмкін [3,4].

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық тәртібін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық тәртібін қолданатын салық төлеушілер осындай арнаулы салық тәртіптері қолданылатын қызмет жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша дербес әзірленген салық есептілігі саясатын бекітеді. Салық есебінің жүйесі салық төлеушімен өз бетімен ұйымдастырылады деп салық заңнамасымен белгіленген. Сәйкесінше, әрбір салық төлеуші-ұйым салық есебін жүргізудің нұсқаларын таңдауға құқылы. Бұл ретте жүйе ішкі бақылау, сол сияқты, тексеру органдарыны тарапынан бақылау жасау жүзеге асырылғанда, салық базасын есептеу кезінде ескерілетін қандай да бір көрсеткіштер қалыптасуының дұрыстығына бақылау жасау мүмкіндігімен қамтамасыз етуі тиіс. Яғни бастапқы құжаттан бастап салық декларациясының көрсеткіштерін құру «ашықтығы» қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазақстан Республикасында салық төлеуші есептеу әдісімен салық есебін жүргізеді. Есептеу әдісі – бұл есепке алу әдісі, оған сәйкес операциялар мен өзге оқиғалардың нәтижелері ақшаны немесе олардың баламасын төлеу немесе алған күннен емес, олардың жасалу дерегі бойынша, оның ішінде жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды түсіру және тауарларды сатып алушыға немесе оның сенім білдірілген тұлғасына сату немесе мүлікті кірістеу мақсатында табыстау күнінен бастап мойындалады.

Нәтижелер және талқылау. Бухгалтерлік есеп пен салық есептілігінің деректері мен көрсеткіштері қоғамдық өндірісті дамыту жолында қажет. Экономикалық тәсіл зерттеу үшін жалғыз негіз болып табылады.

Сондықтан даму-бұл нақты мемлекеттік талаптарға сәйкес қоғамның барлық салаларында есептік жұмыс жүргізу болып табылады.

Біздің қоғамымыздың қандай да бір даму кезеңдерінің объективті экономикалық заңдылықтарын анықтау және есеп жұмысын, әсіресе бухгалтерлік есеп пен аудитті дұрыс ұйымдастыру үшін маңызы өте зор.

Шағын және орта кәсіпорындардың қаржылық – шаруашылық қызметтерін ақпараттық қамтамасыз етудің қазіргі қажеттілігін ескере отырып, аталған мәселені шешудің мақсатында, заңды тұлғалар сияқты жеке кәсіпкерлер де бухгалтерлік есепті жүргізу қажет екені дәлелденді. Осыған байланысты «шағын және орта кәсіпорын» категориясының бухгалтерлік негіздері мен құқықтарын өңдеу негізінде, бухгалтерлік есептің теориялық негіздері мен қолданыстағы заңнамаларға сәйкес шағын және орта кәсіпорынға келесідей анықтама ұсынылды.

Шағын және орта кәсіпорын – бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесі жатқан ақпаратпен қамтамасыз ету негізінде, активтердің баланстық құны, өткізілген тауарлардан (жұмыс, қызмет) түсімдер, жұмыскерлердің орташа саны, құрылтайшылардың құрамын тіркеу бойынша шектеуі бар, қызметінің негізгі мақсаты табыс тарту болып табылатын, анықталған мүлктік кешен түрінде жеке меншік базасында өздігінен реттейтін экономикалық субъект болып табылады.

Қазіргі экономикалық жағдайда азық-түлік және жеңіл өнеркәсіптің жұмыс істеу үдерісінде нарықтық қатынастарға қатысатын мүдделі тұлғаларға үлкен көңіл бөлінеді. Сондықтан олар есеп мәліметтеріне сүйене отырып, субъектінің қаржылық жағдайын бағалауға ұмтылады.

Бухгалтерлік есеп пен аудит саласын дамыту тұжырымдамасының міндеті Қазақстан Республикасының экономикасында бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит жүйелерінің өздеріне тән функцияларын одан әрі дәйекті және табысты орындау үшін қолайлы жағдайлар мен алғышарттарды қамтамасыз ету болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтиже Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін жеделдету, оларды іске асыру жөніндегі нақты тетіктер, шетелдік инвестициялардың ағынын ұлғайту, халықаралық нарықтарда қазақстандық ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қор нарығын жандандыру мақсатында бухгалтерлік есеп және аудит жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарын құрудан тұрады. Бухгалтерлік есептің ерекше міндеттерін тиімді орындау үшін қаржылық есеп кәсібилік, ашықтық, Тәуелсіздік, өзектілік, стандарттылық сияқты талаптарға жауап беруі, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік қағидаттарына және негізгі сапалық сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс [5].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, түсінікті, мақсаттылық, сенімділік және салыстырмалылық сияқты ақпараттың тиімділігін айқындайтын сапалық сипаттамаларға халықаралық стандарттарды пайдалана отырып немесе оларды бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің ұлттық жүйесін құрудың негізі ретінде пайдалана отырып тікелей қол жеткізіледі.

ХҚЕС және ХАС-ты қолданудың экономикалық дамуы капиталды неғұрлым тиімді бөлуден, күрделі салымдардың әртүрлілігінен және оның кірістілігінің өсуінен тұрады, әлемдік нарыққа шығуды жеңілдетеді, капиталды тартуға арналған шығындарды төмендету мүмкіндігі пайда болады [5].

Бұл жаңа бизнес құрылымдардың дамуына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, жұмыссыздықты төмендетуге, қазақстандық ұйымдардың халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жалпы елдің экономикалық өсуіне әкеледі [6].

Нарықтық қатынастардың қазіргі заманғы жағдайларында бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты бәсекелес кәсіпорынды әзірлеу, негіздеу, қабылдау, айқындау және т.б. үшін қажетті кәсіпорынның шаруашылық және қаржылық қызметі туралы ақпаратты қалыптастыру болып табылады. Экономиканы басқаруды жетілдіру, нарықтық қатынастарды қалыптастыру, меншіктің әртүрлі нысандарын пайдалану, шетелдік әріптестердің қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру, халықаралық стандарттарға сәйкес бағдарлау бухгалтерлік есептілік алдағы уақытта да өседі дегенді білдіреді. Шаруашылық қызметтің жалпылама көрінісі деп мүлктің барлық түрлерін, өндірістік қорлардың барлық түрлерін, шығындарды, өнімді, ақша қаражатын, қорларды, кәсіпорынның берешегін және т.б. міндетті түрде ұсыну түсініледі [7].

Бухгалтерлік есептің белгіленген ерекшеліктері оның жедел-техникалық және статистикалық есеп түрлерінен асып түседі. Бірақ есептің барлық үш түрінің деректерін ғана пайдалану, яғни шаруашылық есепке алуды тұтас жүйе ретінде пайдалану, кәсіпорын шаруашылық қызметті тиімді басқара алады, өнімді тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алады, жұмыстарды орындай алады және қызмет көрсете алады, кәсіпорынның нарықтағы жағдайын бағаламауы мүмкін. Есептің әрбір түрі бір-бірін толықтырады [8].

Шаруашылық есептің негізгі мақсаты нарықтық экономиканы басқару және құру, әртүрлі деңгейдегі басқарушылық шешімдерді әзірлеу, негіздеу және қабылдау, кәсіпорынның нарықтағы мінез-құлқын анықтау және бәсекелі кәсіпорындардың жағдайын анықтау және т. б. үшін қажетті кәсіпорынның қаржылық және шаруашылық қызметі туралы сапалы және уақытылы ақпаратты қалыптастыру болып табылады [9].

Бухгалтерлік есеп кәсіпорынның қызметін көрсетеді, өндіріс процесінде ұйым меншігінің, шаруашылық құралдарының және оның көздерінің қозғалысының бухгалтерлік және салықтық есебінің мәнін қалыптастырады [10].

Салық есебі кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметінің ақпараттық жүйесінің мемлекеттік бюджеттің пайдасына табысты алу үлесін анықтау мақсатында бухгалтерлік есеп қағидаттарына сай құрылған жетекші буыны болып табылады деп есептейміз.

Салық есебі – бұл объектілер және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және салық есептілігін жасау мақсатында салық төлеушінің СК талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу үдерісі. Салық есептілігі салық есебінің негізінде құрылатындығын, әрі салық есептілігін құрудың дұрыстығы көбінесе салық есебін дұрыс және дәйекті түрде ұйымдастыруға байланысты екендігін ескеру қажет.

Салық есебінің мәні мен міндеттері мемлекеттегі салық салу жүйесінің ролімен анықталады. Нарықтық экономикаға өту кезеңінің сатысында салықтар белсенді түрде мемлекеттік реттеу құралы болып танылады. Осыған орай, мемлекет реттеуші және жинақтаушы функцияларды өзіне жүктейді. Бірақ салық салу жүйесінің өзі микродеңгейде қызмет етеді, яғни салықтардың негізгі функциялары субъектілер – заңды, сондай-ақ жеке тұлғалар сияқты нақты салық төлеушілер деңгейінде жүзеге асырылады.

Салық есебінің тіркелімдері салық салу мақсаттары үшін ескерілетін барлық операциялар бойынша қалыптасады. Салық төлеуші есептің қандай объектілері бойынша салық есебі тіркелімдерінің нысандарын әзірлеуі және бекітуі тиіс екендігін өз бетімен анықтайды, оларда салық декларациясының көрсеткіштерін дұрыс анықтау үшін қажетті барлық деректер берілуі тиіс.

The article is an overview of how the topic of digitalization is covered by domestic and foreign authors. The question of transformation of appraisal activity in the conditions of digital economy is considered. The advantages and disadvantages, challenges and threats that society will face in assessing the value of business, when the profession of appraisers will be digitized and will be widely used automated valuation models.



М.Т. Жетесова, к.э.н.
 Казахский университет экономики,
 финансов и международной торговли
 г. Нур-Султан

СТАТИСТИЧЕСКОЕ НАБЛЮДЕНИЕ: ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ КОРОНАВИРУСА НА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Влияние экономического кризиса, вызванного пандемией коронавируса на социально-экономическое положение населения РК. Сравнительный цифровой анализ некоторых статистических данных роста уровня безработицы и других показателей.

Ключевые слова: численность население, безработица, карантин, кризис.

Кілт сөздер: халық саны, жұмыссыздық, карантин, дағдарыс.

Keywords: population, unemployment, quarantine, a crisis.

В конце 2019 года в Китае началась эпидемия пневмонии, вызванная коронавирусом. Вирус распространился стремительно за пределы Китая и по всему миру. Многие предприятия были закрыты на карантин. ВВП большинство стран упал и мировая экономика потерпела самые серьезные последствия.


По мнению мировых экспертов, 1% снижение ВВП Китая способна повлиять на международные рынки, так как Китай не только основной производитель товаров, но и потребитель. Если Китай перестанет потреблять, замедлится его экономика, а после и общемировая экономика.

Серьезные потери понесут группы стран с самыми разными уровнями доходов.

В предыдущие годы темп роста мировой экономики в среднем колебался на уровне 3%, и если он падал до 2-2,5%, то во многих странах наступала рецессия. МВФ спрогнозировал некоторое замедление темпов роста мировой экономики, до уровня примерно 2,7%. Однако негативное влияние пандемии коронавируса на экономики мира оказалось значительно существеннее и темп роста мировой экономики в среднем упал до 4,9%. Еще в апреле МВФ сообщил, что «денег в мире будет меньше, а долгов – больше». Экономика в планетарном масштабе обеднеет на 9 трлн долларов. Если учесть, что мировой ВВП составляет примерно 95 трлн долл. в год, значит, потери мировой экономики составят около 10%.

Таблица 1

Численность безработицы в мире (млн чел.)



* Этот набор данных включает как реальные, так и оценочные данные за 1991–2019 годы.

На основе данных Международной организации труда (МОТ)

Finprom.kz

Если страны мира окажутся под ударом второй волны пандемии, то падение мировой экономики может быть выше чем 4,9%.

Наибольшему риску подверглись такие сектора экономики, как гостиничный бизнес, общественное питание, обрабатывающая промышленность, розничная торговля, коммерческая и административная деятельность.

Эксперты Международной Организации Труда, вообще прогнозируют ухудшение ситуации с безработицей. Во время карантина многие оказались вынужденными безработными. В 2019 году в мире насчитывалось 187,7 млн безработных — на 1% больше, чем в предыдущем году (185,8 млн человек) [1].

Согласно прогнозам Международной Организации Труда, во втором квартале 2020 года кризис, связанный с пандемией COVID-19, привел к сокращению общемирового объема рабочего времени на 6,7%, что эквивалентно полному рабочему времени 195 млн работников.

Таблица 2

Уровень безработицы в ряде стран СНГ

Страна	Период	Факт. значение	Предыдущ. значение
Азербайджан	2019	4.8 %	5.2
Армения	1 кв./20	19.8 %	17.1
Грузия	2018	12.7 %	13.9
Казахстан	июн. 2020	5,0	4,8
Кыргызстан	июн. 2020	3.1 %	3.1
Таджикистан	ноя. 2019	2.1 %	2.1
Туркменистан	2019	3.9 %	3.8
Узбекистан	2018	6.9 %	7.2

Темпы роста мировой безработицы в 2020 году во многом будут зависеть от дальнейшего развития событий и ответных политических мер. В настоящее время полное или частичное прекращение работы затронуло 81% мировой рабочей силы, составляющей 3,3 млрд человек, то есть более чем четвертых из каждых пяти работников.

Коронавирус напрямую также повлиял на экономику Казахстана. Непосредственно в Казахстане в секторах с наибольшим уровнем риска работают около 30% всех занятых, или 2,7 млн человек [2].

Уровень безработицы по итогам семи месяцев в Казахстане, по статистическим данным, повысился с 4,8% до 5%. Численность безработных в Казахстане выросла в 8 раз с начала 2020 года, сообщил министр труда и социальной защиты населения РК Б. Нурымбетов. увеличилось до 443 тыс. человек. Некоторая часть работающих, имея рабочие места, не могут работать и зарабатывать. Если вынужденных безработных прибавить к числу официальных безработных, то уровень безработицы повышается до 9%, а это уже почти 900 тыс. человек [3].

Глава ведомства озвучил прогноз по ожидаемому уровню безработицы в стране в связи с режимом ЧП и продолжающимися карантинном, запретами на работу многих предприятий, что ситуация на рынке труда и восстановление занятости будут зависеть от темпов ослабления карантина и возобновления деятельности предприятий и организаций. А также от мер по оживлению экономики. Более полное возможное восстановление занятости начнется в 4 квартале текущего года. И по итогам года, возможно, уровень безработицы повысится до 5,9%.

В период режима чрезвычайного положения по поручению Президента РК приняты меры по удерживанию социально-экономического положения населения РК хотя на уровне до кризиса, основным инструментом обеспечения занятости населения была утверждена новая Дорожная карта занятости, на реализацию которой предусмотрен 1 трлн тенге, в которой будут охвачены более 7 тыс. проектов, где планировалось создать свыше 240 тыс. новых рабочих мест.

Однако преобладающая часть (до 95%) запланированных рабочих мест были временными. Постоянной работой были обеспечены лишь 13 тысяч человек.

Многие наемные работники оказались временными безработными, отдельные из них самостоятельно стали выполнять какие-то работы. Таким образом, самозанятость стала более удобной и гибкой формой занятости. Например, из-за роста онлайн-торговли многие из них стали курьерами. Следовательно, по мере роста онлайн-торговли их количество будет расти. Это новая тенденция, конечно, в будущем окажет определенное влияние на структуру занятости в стране.

Безработное население страны без особого желания посещают центры занятости, поскольку им трудно получить от них реальную поддержку. Для специалистов с профессиональным образованием, найти работу по специальности стало просто невозможным.

В период этого кризиса кроме безработицы, трудности испытывают банковский сектор, малый и средний бизнес (МСБ), нефтяной сектор, железнодорожные и авиационные пассажирские перевозки и др. Как известно, в экономике все отрасли взаимосвязаны между собой. Во время карантина население почти перестало выходить из дома без острой необходимости, во всем мире передвижение людей резко сократилось. В силу этого сократилось и потребление нефтепродуктов.

Транспортный сектор – это основной потребитель нефти. Половина производимой нефти потреблялась на топливо для транспортных средств. В апреле ежедневное потребление нефти упало более чем на 20% или около 20 млн баррелей в сутки. Нефтехранилища были переполнены. Нефтяной сектор мира оказался на грани коллапса, поэтому, чтобы спасти отрасль производители нефти подписали соглашение ОПЕК+, к которому присоединились 10 стран-участниц ОПЕК и еще 13 стран, в том числе Казахстан, не члены ОПЕК. В рамках принятого соглашения страны договорились, что сократят суточную добычу нефти в мире до 9,7 млн баррелей с 1 мая до 1 августа. Казахстан взял обязательство по сокращению суточной добычи на 390 тысяч баррелей в сутки. В связи с этим нефтяные компании страны столкнулись с новым вызовом, связанным с сокращением объемов производства в течение ближайших двух лет. Падение спроса на нефть, резкое снижение стоимости, отсутствие необходимости в наращивании объемов производства подтолкнули компании к пересмотру всех инвестиционных и непрофильных затрат. В результате резко сократились заказы на услуги нефтесервисных компаний, т.е. на геологоразведку, инжиниринг, услуги по бурению и сейсмике и так далее. Работники этих отраслей оказались под риском увольнения. Таким образом, кризис в нефтяной отрасли в ближайшие годы будет не только сдерживать развитие экономики, но и нуждаться в определенной поддержке со стороны государства. Влияние этого события не могло обойти стороной экономику Казахстана, где около 15% ВВП, где формируется нефтегазовым сектором.

Другая ведущая отрасль экономики – металлургия. Она тоже оказалась в непростой ситуации из-за изменения потребительских предпочтений людей. В текущем году во всем мире из-за коронакризиса спрос на автомобили и на многие инвестиционные товары, которые являются основными потребителями продукции металлургических отраслей Казахстана, резко упал. Если в прошлом году в мире было произведено и реализовано более 96 млн автомобилей, то в 2020 году их потребление как минимум ниже на 20%. Примерно в таком же положении находится производство электробытовых приборов (телевизоров, холодильников, микроволновок и так далее). Все это приводит к снижению спроса на продукцию металлургической промышленности Казахстана. По этой причине всего за один квартал добыча железной руды потеряла в темпе роста 17%. Сбились с ритма стабильной работы многие предприятия черной и цветной металлургии. В целом в мире все взаимосвязано. Если далее экстраполировать эту ситуацию на всю экономику, то у многих пострадавших от кризиса предприятий и физических лиц появились проблемы с обслуживанием ранее полученных кредитов. В конце концов, они нашли отражение в деятельности банковского сектора. Поэтому усугубляется положение банков второго уровня.

Ситуация с пандемией коронавируса отразилась и на рынке недвижимости. Одна из основных тенденций, которая сейчас наблюдается – отложенные сделки. Казахстанцы ожидают, как сложится ситуация с курсом тенге и в экономике.

Закрытие границ многими странами повлияло и на рынок посуточной аренды квартир и

домов. В ближайшее время в сегменте долгосрочной аренды появятся новые объекты, снизятся цены на аренду жилой и коммерческой недвижимости. В каждом договоре аренды обычно указываются форс-мажорные ситуации, в результате которых может быть пересмотрен режим оплаты. Форс-мажором стало и объявление режима ЧП в Казахстане. В результате, у некоторых арендаторов снизилась зарплата до 42 500 тенге, а значит и платежеспособность.

Пока много неопределенности с перспективой обуздания коронавируса, поэтому до решения данной проблемы экономика страны будет падать так же, как и в других странах. Любое падение экономики ухудшает социальное самочувствие населения, особенно сильно затрагивая социально уязвимые слои населения. Изучение проблем бедности и постоянное расширение пакета мер социальной поддержки для наиболее социально уязвимых слоев населения стала первоочередной задачей правительства.

Тем не менее кризис сыграл и положительную роль, некоторые предприятия, в частности, телекоммуникационной, фармацевтической отраслей, а также бизнесмены, занятые обеспечением удаленной работы компаний и организаций. И, конечно, в этом году резко увеличились государственные затраты на финансирование медицинской отрасли, потому что она находилась в эпицентре события. А также значительно ускорился переход Казахстана к cashless-экономике. Так, объем безналичных карточных платежей, совершенных на территории РК, в марте 2020 года вырос на 16% и составил 2 146,7 млрд тенге.

«Объем безналичных платежей в марте продемонстрировал дальнейший рост на фоне таких разовых факторов, как покупки необходимых товаров и медикаментов перед введением режима карантина и самоизоляции, приобретение других крупных импортных вещей и изделий в ожидании роста цен. Выбор в пользу безналичной оплаты логичен в том числе ввиду желания граждан ограничить контакты с наличностью», - комментирует Константин Пак, директор Центра по развитию инноваций и финансовых технологий АФК.

Вместе с тем тройка лидеров по объему карточных платежей, совершенных на территории РК, по итогам марта выглядит следующим образом: Алматы – 34% (-0,6%), далее следуют столица – 16% (-0,8%) и Шымкент с Туркестанской областью – 8% (+0,5%) [4].

Отношение объема безналичных платежей по карточкам к снятию наличности в банкоматах в марте выросло от 145% до 161%, что говорит об устойчивом преобладании безналичных оплат над снятием наличности в банкоматах. Этот показатель в марте 2019 года составлял всего 65%.

Вместе с тем суммарный объем операций по платежным картам в Казахстане в марте достиг отметки 3 484,0 млрд тенге, продемонстрировав рост за месяц на 11,3%. Из них 62% приходится на безналичные платежи.

В глобальном рейтинге развития электронного правительства, который формирует ООН, Казахстан поднялся на 29 место, следуя за Канадой. Данный рейтинг составляется каждые 2 года и в нем оценивается 193 страны-члена ООН. При составлении текущего рейтинга (2020г.) оценивалась работа, проведенная государствами в 2018-2019 годах. Об этом центру деловой информации Kapital.kz сообщили в пресс-службе министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Согласно данным ООН, в первую тройку лидеров по развитию электронного правительства вошли Дания, Южная Корея и Эстония, которые расположились на 1, 2 и 3 позициях, соответственно.

Глобальный рейтинг ООН по развитию электронного правительства (EGDI) рассчитывается на основе трех составляющих: развитие электронных услуг (OSI), развитие человеческого капитала (HCI) и телекоммуникационной инфраструктуры (ТИ).

По сравнению с 2018 годом индекс развития электронного правительства (EGDI) вырос на 10,2% в 2020 году, показатель по онлайн услугам на 6,4%, по человеческому капиталу на 5,6%. Наибольший рост отмечается по развитию телекоммуникационной инфраструктуры – 22,7%, между тем, по уровню электронных услуг Казахстан получил практически максимальный бал – 0,92 из 1.

По уровню развития местных онлайн-услуг Алматы расположился на 29 месте среди 100 городов мира [5].

В мировой системе образования также происходят изменения. Параллельно некоторые пред-

приятия образования дистанционно организовывали такие краткосрочные обучающие семинары, по окончании которых можно получить сертификат за символическую оплату. При этом они широко апробировали smart-технологии, использование которых до минимума снижает участие живых людей в обучающем процессе. Слушатели таких курсов после оплаты небольшой суммы (\$25-30) получают доступ ко всем обучающим материалам (лекциям, учебной литературе и пр.). То есть в ближайшем будущем, не выходя из дома, здесь, в Казахстане, не зная английского языка, станет реальностью получение диплома ведущего университета мира. Следовательно, уже появляются технические возможности для образования мировых монополистов в системе высшего образования. Другими словами, если сегодня в самых крупных университетах обучается до 100 тысяч человек, то в скором времени, вполне вероятно, что появятся университеты с численностью студентов более миллиона человек. Мир очень быстро меняется. Меняется и отношение людей к работе.

Многие компаний пересматривают стратегический план развития на ближайшие годы в связи с ситуацией, вызванной коронавирусом:

- Розничная торговля и производители пищевой продукции нацелены на сужение продуктовой линейки и концентрации на товарах более низкого ценового сегмента ввиду ожидаемого снижения покупательской способности населения.

- Розничная торговля активно развивает онлайн-магазины для заказа продуктов.

- Аэропорты пересматривают стратегии управления коммерческими площадями (предпочтение крупным игрокам перед представителями малого и среднего бизнеса), а также рассматривают возможность увеличения фокуса на грузовых перевозках.

- Банки планируют выдавать займы с усиленным вниманием к стабильности сектора заемщика.

- Компании сектора недвижимости, которые управляют торгово-развлекательными центрами, пересматривают маркетинговые стратегии для акцентирования внимания на социальном дистанцировании и безопасности.

- Финансовые организации сместили фокус на ускоренное создание и развитие digital-продуктов.

Одной из самых актуальных мер стала рекомендация кредитным организациям страны предоставить отсрочку по кредитам и займам тем, кто столкнулся с финансовыми трудностями. В большинстве случаев кредиторы пошли навстречу и предоставили соответствующую услугу нуждающимся. В основном нуждающимися являются:

1. Социально незащищенные слои населения;

2. Получатели адресной помощи;

3. Официально безработные;

4. Та часть населения, чье материальное положение ухудшилось с вводом карантина (были уволены, снижена заработная плата, отправлены в неоплачиваемый отпуск и т.д.).

Таким образом, с целью решения проблемы безработицы в Казахстане предлагаем решить программу занятости населения.

Рекомендуем создание лучших условий для предпринимательской деятельности; минимизировать коррупционные риски; ликвидировать административные риски; расширить доступ к рынкам сбыта; развивать предпринимательство в сельской местности; создать благоприятные условия для кредитования субъектов малого бизнеса; содействовать развитию национальных промыслов; повысить качество рабочей силы; оказать содействия лицам, нуждающимся в социальной помощи; строго квотировать рабочие места для людей с инвалидностью; обучать безработных и ориентировать их на самостоятельное создание рабочих мест и многое другое.

Литература

1. https://tengrinews.kz/world_news/mire-zafiksirovan-rekordnyiy-vsplesk-zarajeniy-koronavirusom-413986/.

2. Статистический сборник-2019. Комитет по статистике МРЭ РК, Нур-Султан. – 2020.

3. Данные сайта <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2018-08/migraciya-kak-ugroza-ekonomicheskoy-bezopasnosti-pochemu>.

4. Уровень безработицы может увеличиться в Казахстане /<https://pkzsk.info/uroven-bezraboticy-mozhetuvelichitsya-v-kazakhstan/> (дата обращения: 25.04.2020).

5. Безработица в Казахстане / https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/uroven-bezrobotitsyi-mojetyvirasti-vkazhstane-394902/ (дата обращения: 25.04.2020).

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы коронавирус пандемиясына байланысты дағдарыс мәселелері туралы сөз етіледі. Жұмыссыздық, басқа да Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы және осыған байланысты әрекеттер қозғалады.

Abstract

This article looks at the coronavirus crisis in Kazakhstan. Unemployment and other socio-economic living conditions of the population of Kazakhstan and the corresponding measures taken.



ӘОЖ 336

З.А. Баймағамбетова, э.ғ.к.

«Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

А.У. Ораз, магистрант

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Нұр-Сұлтан қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ РОЛІ

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту серпінді және тұрақты экономикалық өсу негізінде халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін тиімді бәсекелестік экономиканы құруға бағытталған мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау маңызды рөл атқарады. Ең тиімді мемлекеттік бағдарламаларға: «Бизнестің жол картасы – 2020», «Даму аймақтары III» бағдарламасы және нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту «Еңбек» бағдарламасы.

Кілт сөздер: шағын және орта бизнесті қаржыландыру, мемлекеттік жоба, несиелендіру, «Бизнестің жол картасы-2020», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры.

Ключевые слова: финансирование малого и среднего бизнеса, государственный проект, кредитование, «дорожная карта бизнеса-2020», Фонд развития предпринимательства «Даму».

Keywords: Financing of small and medium-sized businesses, state project, lending, business roadmap 2020, Damu entrepreneurship development Fund.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жоғары деңгейі нарықтық шаруашылықтың қазіргі заманғы моделін қажет ететін болып табылады. Егер Қазақстандағы бұрынғы экономикалық жүйе ірі және тіпті алып кәсіпорындарды дамытуға айқын назар аударса, қазіргі уақытта өндіріс пен капиталдың шамадан тыс шоғырлануын еңсеру, экономика құрылымын ірілендіру жеңелендіру процесінің, тұтастай алғанда бүкіл экономикалық реформаның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2050 жылға қарай

ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 50%-ға жеткізу стратегиялық міндетін қойды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев орта мерзімді перспектива 2025 жылға қарай 35-40% болады деп анықтады [1]. 2019 жылдың маусымына қарай Қазақстанда 438 мыңнан астам заңды тұлға және 1,16 млн жеке кәсіпкер тіркелді. Бұл ел экономикасының базасы, ол қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыратын өсім жасайды, ал 2050 жылға қарай елдің жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлері санын 2 есеге, 2,4 млн бірлікке дейін арттыру қажет.

Үкімет өзіне үлкен міндет қойды – ол шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесін 2050 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің 50%-ына дейін арттыру. Қазір бұл көрсеткіш 28%-дан асады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу құралдарының бірі-түрлі мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен билік бизнес үшін қолжетімді етуге тырысатын несиелендіру.

Кесте 1

2015-2019 ж. аралығындағы Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің құрылымы, мың компания *

ШОБ субъектілерінің типтері	2015	2016	2017	2018	2019	Ауытқу, 2019-2015 ж.	
						саны	%
Белсенді емес	64,8	68,2	68,9	71,8	87,0	22,2	34,3
Белсенді	125,8	131,3	141,3	161,9	168,1	42,3	33,6
Жаңа	27,6	33,6	42,9	43,0	46,2	18,6	67,4

* Статистика комитетінің көрсеткіштері негізінде авторлармен құрастырылған

Қарастырылып отырған кезеңде, 2015-2019 жж. аралығында ШОБ субъектілері тек өсу динамикасын көрсетеді. ШОБ субъектілерінің өсуіне себеп болған «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы. Берілген бағдарлама мемлекеттік қаржыларды және құралдарды қолданумен Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдауға арналған және осы бағдарламаның аясында ШОБ субъектілеріне несие беру жеңілдетілген. Үкімет пен даму институттары бірден бірнеше бағдарламаны енгізді. Түйінді – бұл экономиканың басым жобаларын қарапайым заттарды несиелеу тетігі, сонымен қатар «Бизнестің жол картасы – 2020», «Даму аймақтары III» бағдарламасы және нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту «Еңбек» бағдарламасы.

«БЖК-2020» бағдарламасын жүзеге асыру үшін «Даму Аймақтар III» бағдарламасы бойынша несие алуға болады. Қалалардағы кәсіпкерлер «БЖК-2020» басым салаларында несие ала алады, ал ауылдық округтерде, Қазақстанның моно және шағын қалаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін салалық шектеулер жоқ.

«Еңбек» бағдарламасы аясында жаңа бастаған кәсіпкерлер де, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер де қарыз ала алады. Бағдарлама салалық шектеулерді қарастырмайды, өңірге байланысты кредиттің ең жоғары мөлшері бойынша шектеу ғана бар. Бұл бюджеттік бағдарлама шағын және шағын кәсіпкерлік нарығын дамытуға, өз бизнесін ашуды және дамытуды қалайтын/жоспарлап отырған өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға көмектесуге бағытталған.

Қор ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен өңдеуші өнеркәсіпті қолдау бағдарламаларын, «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасын, ШОБ және оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі бағдарламаларды АДБ, ЕҚДБ тартылған қаражаты шегінде, әкімдіктермен бірлесіп қаржыландырудың өңірлік бағдарламаларын және меншікті және тартылған қаражат есебінен ШОКС-ты қолдаудың өзге де бағдарламаларын іске асырады.

2019 жылы Еңбек бағдарламасы бойынша әкімдіктерден (ЖАО және РБ қаражаты) Қорға түскен қаражаттың жалпы сомасы 12 859 млн теңгені құрайды.

Бағдарламалар бюджет қаражатын тарту есебінен және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы іске асырылады, ол бюджеттен және халықаралық көздерден қаражат тартады, сондай-ақ қазақстандық банктермен бірге оларды бизнеске беру үшін жеңілдетілген қаржыландыру ұсынады. Несиелендірудің қолжетімді мемлекеттік бағдарламаларының тізімі кең және маманданды-

рылған бағыттарды қамтиды, мысалы, өңдеуші өнеркәсіпте ШОБ займдарын ұсыну.

«Даму» Қоры 2019 жылы кәсіпкерлердің 23,5 мыңға жуық жобасын қолдады, ал Қор бағдарламалары бойынша несиелердің қаржыландырылған сомасы 600 млрд. теңгеден асты.

Соңғы бес жылда Үкімет «Даму» Қоры арқылы ЭЫДҰ елдеріндегі ШОБ қолдау көлемімен салыстырылатын ШОБ жеңілдікті қаржыландыру көлемін қамтамасыз етті. Осылайша, 2018 жылы мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қазақстандық шағын және орта бизнеске берілген несиелер 526 млрд теңгені (немесе 1,3 млрд долл.) құрады. Бұл ретте, канадалық Financing SMEs and Entrepreneurs 2018 есебінің деректері бойынша, ШОБ Мемлекеттік бағдарламалар бойынша 2018 жылы берілген несиелер сомасы 1 млрд долл., Түркияда – 2,9 млрд долл., Оңтүстік Кореяда – 3,9 млрд долл. құрады.

Кесте 2

2015-2019 ж. аралығында ШОБ қолдау үшін тартылған қаражат көлемі және берілген несиелер сомасы, млрд теңге *

ШОБ-ты қаржыландыру	2015	2016	2017	2018	2019	Ауытқу	
						сома	%
Бөлінген қаражаттар	197	180	61	74	96	-101	51,3
Несиелер сомасы	439	524	606	519	526	87,0	9,8

* *Статистика комитетінің көрсеткіштері негізінде авторлармен құрастырылған*

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, 2019 жылы мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қазақстандық шағын және орта бизнеске берілген кредиттер 526 млрд теңгені құрады. Ал егер Financing SMEs and Entrepreneurs 2019 есебінің деректеріне сүйенсек, Канада 2019 жылы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес ШОБ үшін берілген кредиттер сомасы 1 млрд АҚШ долл. құраған, ал Түркияда бұл көрсеткіш 2,9 млрд АҚШ долл. және Оңтүстік Кореяда 3,9 млрд теңгені құраған. Ал біздің Қазақстанда тек бір жылдың ішінде ғана 2019 жылы 526 млрд теңге бөлінген. Және осылай 2015 жылдан 2019 жылға дейін 87,0% өскен.

2015-2016 жылдары бөлінген қаражаттар көлемі соңғы жылдарға қарағанда көп болғанын көрсетеді. Алайда соңғы жылдары несиелер сомасы керісінше артып келеді.

Қор 2018 жылы ЕДБ, ЛК, МҚҰ қаражатты шартты орналастыру, кәсіпкерлердің несиелері бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды.

Жалпы, қордың бағдарламаларына қатыса отырып, Өткен жылы жеке кәсіпкерлік субъектілері 495 млрд теңге сомасына несие алды. Кәсіпкерлік мақсаттарға арналған банктік несиелендірудің жалпы сомасында қор бағдарламаларына қатысушыларға берілген несиелердің үлесі 5%-ды құрады. Төмен үлес Қордың бағдарламалары бойынша несиелендіру ЕДБ несиелерінің шамамен 50%-ын алатын сауда және құрылыс жатпайтын экономиканың басым секторларымен шектелетіндіктен қалыптасты.

Бүгінгі күні Қордың серіктестері ретінде МҚҰ «КМФ (ҚКФ) «Микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Тойота Файнаншл Сервисез Казахстан «Микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Ырыс «микроқаржы ұйымы» ЖШС, «Қызылорда «Өңірлік инвестициялық орталығы «Микроқаржы ұйымы» ЖШС сияқты, оларды топ-4 МҚҰ деп атауға болады, өйткені, егер 01.04.2019 жағдай бойынша ҚР Ұлттық қорының статистикасына сәйкес 233,03 млрд теңге сомаға микрокредит берілген болса, онда Қордың серіктестері 181,86 млрд теңге немесе берілген микрокредит көлемінің 78%-ы ескерту.

Ұлттық қор қаражатынан үш траншпен өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін 200 млрд теңге бөлінді. Шикізаттық емес экспортты жылжыту, экспортқа дейінгі/экспорттық және экспортқа бағдарланған қаржыландыруды дамыту және кейіннен бәсекелі өнімді сыртқы нарықтарға табысты шығару мақсатында 2019 жылдан бастап 100 млрд теңге экспортқа дейінгі экспорттық қаржыландыруға және экспортқа бағытталған жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады [2].

Талдаудың негізінде 2020 жылы шағын және орта бизнесті мемлекет тарапынан қаржыландыру келесі негізгі бағыттарда жүргізілуі қажет деп санаймыз:

- мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жеңілдікті несиелерді жеткізу жолымен шағын және шағын бизнесте кәсіпкерлерге баса назар аударып отырып, ШОБ-ты одан әрі қолдау;
- МҚҰ арқылы өнім желісін ұлғайту жолымен кепілдік беру құралын кеңейту, лизингтік және факторингтік мәмілелерге кепілдік берудің жаңа түрлерін енгізу;
- қаржыландырудың баламалы тетіктерін, оның ішінде секьюритизлендірілген бағалы қағаздарды сатып алу тетігі арқылы енгізу;
- Ислам қаржыландыру көзі арқылы қаржаттарды тарту;
- ШОБ дамыту үшін сыртқы көздерден қаражат тарту;
- кәсіпкерлікті қолдау бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен одан әрі ынтымақтастық жалғастыру.

Әдебиеттер

1. МИА KAZINFORM: https://www.inform.kz/ru/dolya-msb-v-ekonomike-kazahstana-dolzhdostignut-35-k-2025-godu-kasym-zhomart-tokaev_a3542668
2. Дорожная карта бизнеса. Электронный ресурс. / <https://www.damu.kz/>

Аннотация

На основе динамичного и устойчивого экономического роста, развития Малого и среднего предпринимательства, повышения благосостояния населения, направленных на создание эффективной конкурентной экономики, обеспечивающей, является одним из главных приоритетов государственной политики. В настоящее время в Казахстане важную роль играет государственная поддержка малого и среднего бизнеса. Наиболее эффективными государственными программами являются: «Дорожная карта бизнеса-2020», «Даму Регионы III» и «Еңбек» Развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства.

Abstract

Based on dynamic and sustainable economic growth, the development of Small and medium-sized businesses, improving the welfare of the population, aimed at creating an effective competitive economy that provides, is one of the main priorities of state policy. Currently, state support for small and medium-sized businesses plays an important role in Kazakhstan. The most effective state programs are: «business roadmap 2020», «Damu Regions III» and «Enbek» Development of productive employment and mass entrepreneurship.



ӘОЖ 657.6

Б.А. Ауезова, докторант

С.Б. Макыш, э.ғ.д., профессор

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ.*

«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Соңғы онжылдықтарда әлем цифрлық технологиялар негізгі құрал болып табылатын жаңа типті экономикаға көшуде. Ақпараттық технологиялардың жеке және мемлекеттік секторлардағы ролінің кеңейуі цифрлық мемлекетке көшудің негізі болып табылады.

Цифрлық трансформация идеясы бүкіл әлемді қамтыды. Қазіргі әлемде цифрлық технология-

лар ұлттық экономиканың дамуында маңызды роль атқарады. Цифрлық технологиялар бірқатар артықшылықтар береді: халыққа және бизнеске мемлекеттік қызметтерге қол жетімділікті жеңілдету, жылдам ақпарат алмасу, жаңа бизнес мүмкіндіктері, жаңа цифрлық өнімдерді құру, т.б.

Кілт сөздер: «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Адами капитал, Инновациялық экожүйе, ЖІӨ, Цифрлық мемлекетке көшу, цифрландыру, АКТ, Квазимемлекеттік сектор.

Ключевые слова: государственной программа «Цифровой Казахстан», Развитие человеческого капитала, Инновационная экосистема, ВВП, Переход к Цифровому государству, Цифровизация, ИКТ, Квазигосударственный сектор.

Keywords: state program «Digital Kazakhstan», Human capital development, Innovation ecosystem, GDP, Transition to a Digital state, Digitalization, ICT, Quasi-public sector.

Қазіргі заманғы әлемді цифрлық технологиясыз елестету қиын. Бұл технологиялар басты рөл атқаратын салаларды атап шыққанша әлі қолданбаған саланы атау оңайырақ. Сондықтан елдердің экономикасын дамытудағы цифрлық технологиялардың ролі күн сайын өсіп келеді. Цифрлық технологияларды дамыту және енгізу жаңа мүмкіндіктер ашады және көптеген артықшылықтарды береді, мысалы, халық пен бизнестің мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін оңайлату, ақпарат алмасуды жеделдету, бизнесті жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болу, жаңа цифрлық өнімдер мен т.б. құру.

Қазіргі әлемдегі негізгі ұғымдардың бірі «цифрландыру» ұғымы болып табылады. Қазіргі уақытта «цифрландыру» термині тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынада цифрландыру деп көп жағдайда шығындарды төмендетуге, жаңа мүмкіндіктер мен т.б. пайда болуына әкелетін ақпаратты цифрлық түрге түрлендіру түсініледі.

Кең мағынада цифрландыру деп ақпаратты цифрлық түрге өзгертуге негізделген және экономиканың тиімділігін арттыруға және өмір сүру сапасын жақсартуға әкелетін экономика мен қоғамды дамытудың қазіргі заманғы жалпы әлемдік тренді түсініледі.

Цифрландыруды ақпараттың цифрлы трансформациясы мынадай талаптарға сай келсе ғана тиімді әлемдік дамудың тренді ретінде қарастыруға болады:

– өндірісті, бизнесті, ғылымды, әлеуметтік саланы және азаматтардың күнделікті өмірін қамтыса;

– оның нәтижесін тек қана мамандар емес, сонымен қатар азаматтар да пайдалана алса.

Цифрландыру қазір бұл заманауи әлемнің талабы, онсыз одан әрі даму мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттік, салалық деңгейлерде, сондай-ақ жекелеген үй шаруашылықтары мен азаматтардың деңгейлерінде цифрландыру алғышарттарының болуы қажет. Цифрлық экономиканың алғышарттарын цифрландыруға ықпал ететін қолайлы жағдайлар ретінде есепке алу жөніндегі мемлекеттің міндеті оларды іске асыру үшін мүмкіндіктер жасау болып табылады.

Әлемдік экономикаға жақсы ықпалдасып, бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін 2017 жылдың соңында Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін цифрлық экожүйені прогрессивті дамыту.

Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

«Қазіргі экономиканы цифрландыру» – нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту.

«Болашақтың цифрлық индустриясын құру» – адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу.

2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылатын Бағдарлама еліміздің флагмандық салаларын

технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бес негізгі бағытта жүргізілетін болады:

«Экономика салаларын цифрландыру» – еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

«Цифрлық мемлекетке көшу» – қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

«Цифрлық Жібек жолын іске асыру» – ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

«Адами капиталды дамыту» – жаңа жағдайға – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

«Инновациялық экожүйені құру» – бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты.

Қазақстан үшін күтілетін Цифрлық дивидендтер мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне сәйкес айқындалған және белгіленген. Бірінші кезекте, ел үшін мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыру, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыру, инвестициялық ахуалды жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру және ЖІӨ құрылымындағы шағын және орта бизнес үлесінің өсуі сияқты маңызды және өзекті мәселелер туралы болып отыр.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 2021 жылы Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі – 81%; 2021 жылы халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі – 81,5%; 2021 жылы АКТ – да еңбек өнімділігінің өсуі – 5,9%; 2021 жылы «Тау–кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» секциясы бойынша еңбек өнімділігінің өсуі – 6,3 %; 2021 жылы «Көлік және қоймалау» секциясы бойынша еңбек өнімділігінің өсуі – 4,8%; 2021 жылы АКТ саласында жұмыспен қамтылған; мемлекеттік қызметтердің жалпы көлемінен электрондық түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі – 80%.

Цифрландыруға күш салу адами капитал белсенді түрде дамитын – болашақтың білімі мен дағдылары ерте жастан бастап тәрбиеленетін, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар есебінен бизнес жұмысының тиімділігі мен жылдамдығы артатын, ал азаматтардың өз мемлекеттерімен диалогы қарапайым әрі ашық болатын жаңа қоғамды құруға әкеледі. Цифрлық революция біздің көз алдымызда өтуде.

Бүгінде цифрландыру процесі әлемдегі барлық елдерге әсер етеді. Сонымен қатар әрбір ел цифрлық дамудың басымдықтарын өзі айқындайды. Әлемдегі 15-тен астам мемлекет қазіргі уақытта ұлттық цифрландыру бағдарламаларын іске асыруда. Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания ұлттық экономикаларды цифрландыру бойынша алдыңғы қатардағы елдер болып табылады. Қытай өзінің «интернет плюс» бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлімен біріктіреді, Канада Торонтода АКТ-хабын жасады, Сингапур драйвері АКТ болып табылатын «ақылды экономиканы» қалыптастырады, Оңтүстік Корея «Креативті экономика» бағдарламасында адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және АКТ саласындағы жетістіктерді таратуға бағдарланады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға баса назар аударуда.

Цифрлық жекешелендіру тәсілінің ең жарқын мысалы – Сингапур. Осылайша, 2014 жылы мемлекет Smart Nation тұжырымдамасын әзірлеуді бастамашылық етіп, оны нақтылау және іске асыру үшін бизнес және сарапшылар қауымдастығын ынтымақтасуға шақырды. Smart Nation – мемлекеттің азаматтардың күнделікті өміріне цифрландыруды енгізу арқылы өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі бастамасы. Мемлекет Smart Nation шеңберінде бастамаларды іске асыру үшін бірінші кезектегі міндеттердің бірқатарын шешу үшін бастапқы сұрауды қалыптастырды. Мәселен, бастапқыда айқындалған негізгі бастамалардың бірі «ақылды қаланы» құру үшін ұлттық сенсор-

лық желіні дамыту болып табылады. Техникалық шешім әзірлеуге мердігер таңдау үшін мемлекет әрбір міндет бойынша тендер ұйымдастырады.

Оңтүстік Кореяда басты компаниялар мемлекеттің белсенді ұстанымы кезінде өздері дербес серпінді цифрлық технологияларға инвестиция жасайды. Мәселен, елдегі ең ірі телеком операторларының бірі – SKT – жасанды интеллект технологияларына және «заттар интернетіне» 4 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция салуға ниет білдірді. Оператор жаңа технологияларды дамытуда серіктестіктің қажет екенін атап өтеді, сондай-ақ дәл шешімдерді әзірлеу үшін жергілікті стартаптарды тартуды жоспарлайды.

Тағы бір жаһандық тренд – «мемлекеттің өзін-өзі цифрландыруы», яғни мемлекет пен мемлекеттік компаниялардың операцияларын цифрландыру. Өзін-өзі цифрландыру – бұл экономикадағы құндылықтарды құруды, әл-ауқаттың артуын, бизнесте және тұрмыс деңгейінде лайықты орынға ие болуға бағытталған кез-келген мемлекеттің іске асыруы керек міндет.

Мемлекет деңгейінде өзін-өзі цифрландырудың екі негізгі бағыты бар:

– Мемлекеттік басқаруды цифрландыру: цифрлық құжат айналымы, digital by default және digital first қағидаттары, тиімсіз процестерді қайта қарау. Бұл логикада өзін-өзі цифрландыру сервистердің барлық спектрін қамтиды: мемлекеттік құрылымдардың ішкі өзара іс-қимылы – G2G, азаматтармен өзара іс-қимылы – G2C, бизнеспен өзара іс-қимыл – G2B.

– Квазимемлекеттік сектор субъектілерін цифрландыру, әсіресе, мемлекет әлі де бұрынғыдай, экономикадағы жұмыс орындарының көпшілігіне сол немесе басқа нысанда жауап беретін және сол себепті еңбек өнімділігінің өсуі үшін жауап беретін Қазақстан сияқты елдер үшін өзекті болып табылады. Осындай компаниялар үшін көбінесе дәстүрлі бәсекелестік нарықтық механизмдері жұмыс істемейтіндіктен, цифрлық трансформациялауды іске асырумен байланысты өлшенетін ТНҚ әзірленіп, белгіленеді (индустрия 4.0 технологияларын енгізу және құнды сәйкес құру жаңа өнімнен түсетін түсімнің %, қызметкерлерді оқыту және қайта даярлау).

Мысалы, Дания мемлекеттік органдарды цифрландыруды белсенді инвестициялайды. Қазіргі уақытта әрбір азаматтың және әрбір бизнестің жеке кабинеті бар, ол арқылы нақты уақыт режимінде мемлекеттік органдармен тілдесу жүреді. 2015 жылдан бастап барлық азамат мемлекеттік органдармен тек интернет арқылы тілдесуге міндетті (Данияда үй шаруашылығының 95%-ның интернетке қолжетімділігі бар), әр азамат цифрлық паспортқа (digital ID) ие), ал барлық мемлекеттік органдар мен муниципалитеттер бірыңғай кабинет арқылы барлық ведомствомен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін бірыңғай желімен байланыстырылған. Бизнес коммуникациядан басқа интернет арқылы барлық операцияларды орындауға, үзінділерді алуға, салықтарды төлеуге және есептерді жіберуге мүмкіндігі бар (электрондық түрде құжаттарды жіберу және қабылдау қағаз түрінде жіберген 5 күнмен салыстырғанда 5 минутқа созылады). Мұндай жүйе жыл сайын бюджеттің 10-20%-ын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Осы өзгерістердің барлығы ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік салдарларға ие. Жаһандық ауқымда жедел қарқынмен таралып жатқан «Бірлесіп тұтыну экономикасы» сияқты құбылыс әрбір тұтынушыға тікелей әсер етіп қана қоймай, бірақ жалпы елге жанама әсер етеді. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін шешім болып табылады, ол кәсіпкерлік қызметті жүргізуге ынталандырып, экономикалық белсенділіктің өсуіне ықпал етеді. Бұл тренд жаңа активтер мен тұтыну заттары жеке шығындарды қысқарту мақсатында бірлесіп пайдаланғаннан кейін одан әрі қарай дамитын болады. Жұмыспен қамту құрылымы мен нысаны айтарлықтай өзгеретіндігі қазірдің өзінде белгілі. Технологияларды дамыту трансшекаралық қашықтан жұмыспен қамтуды дамытуға ықпал етеді, бұл көші-қон кедергілеріне тап болмайды [1].

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы есептілігін қарасақ, жалпы 2019 жылы мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың барлық бағыттары бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілді.

2019 жылға 58,87 млрд теңге көлемінде қаржыландыру бөлінді, олар 91,5%-ға немесе 53,86 млрд теңге сомаға игерілді.

«Экономика салаларын цифрландыру» бағыты бойынша экономиканың базалық салалары-

ның кәсіпорындары: отын-энергетика секторы, өнеркәсіп, сондай-ақ ауыл шаруашылығы цифрландыру процесіне барынша тартылады. Жауапты мемлекеттік органдар салаларда, оның ішінде өңірлер бөлінісінде цифрландыру бойынша жобалық бағыттарды анықтады.

Отын-энергетика кешенінде 17 «Зияткерлік кен орындарын» құру бойынша жобалар іске асырылуда. Бүгінгі күні жүйе 10 кен орнында енгізілді, 2019 жылы жоба Ақшабұлақ, Нұралы және Ақсай кен орындарында іске асырылды.

«Мұнайды қайта өңдеу» бағыты бойынша «МӨЗ-ге жөндеуаралық ұлғайтылған кезеңге көшу (оның ішінде ТОРО жүйесін автоматтандыру) жобасы іске асырылды, ол зауыттарға 3 жылдық жөндеуаралық циклға көшуге мүмкіндік берді. Экономикалық тиімділік алдын ала 2023 жылға қарай шамамен 7,5 млрд теңге шығындарын ескере отырып, 18,6 млрд теңгеге бағаланады.

Өнеркәсіпте модельді сандық фабрикалар құру және 112 өнеркәсіп кәсіпорындарында цифрландыру бойынша жобаларды енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда.

«Модельді сандық фабрикалар құру» бағыты бойынша 3,1 млрд теңге инвестициясымен 51 жобаны іске асыруға бастама жасалды, оның ішінде 3 млрд теңге сомасына 16 жоба аяқталды.

Ел өңірлерінде цифрландыру жобаларын енгізуді өнеркәсіптің 112 өңірлік кәсіпорындарында жүзеге асырады, бүгінгі таңда кәсіпорындар 263 жобаның 126-ін аяқтады, оның ішінде 2019 жылы – 72 жоба.

АӨК 1000 өсімдік шаруашылығы шаруашылығында және 1000 мал шаруашылығы фермаларында сандық технологияларды енгізу жалғасуда. Бүгінгі күні республика аумағында 49 цифрлық ферма жұмыс істейді, оның ішінде 2019 жылы – 22 ферма.

«Цифрлық мемлекетке көшу» бағыты шеңберінде мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бөлігінде жұмыстар жүргізілуде: Мемлекеттік қызметтер тізіліміне 723 мемлекеттік қызмет енгізілді, оның ішінде 580 қызмет бойынша немесе 80,2% электрондық нысанда көрсетуді көздейді. Айта кету керек, біз мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргіздік, соның салдарынан мемлекеттік қызметтер саны 17-ге қысқарды. Бұдан басқа, қызметтерді электрондық форматқа ауыстыру мәселесін қарау кезінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің оларды автоматтандыру көзделетін дайындығы мәселесі ескерілді. ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша 2019-2020 жылдарға арналған мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау жоспары бекітілді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 182 жоспарлы және 162 қосымша Ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру іске асырылды. 2020 жылдың соңына дейін 100-ден астам ықпалдастықты аяқтау жоспарланып отыр, сондай-ақ эталондық деректер базасын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Бүгінгі күні «Цифрлық «Жібек жолын іске асыру» бағытының негізгі міндеттерінің бірі ауыл тұрғындарын Интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтерімен қамтамасыз ету болып табылады. 2019 жылы Қазақстан Республикасының елді мекендерінде қазіргі заманғы байланыс қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар табысты жүргізілді, оның ішінде 2020 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 607 АЕМ қосылды (оның ішінде: 2018 ж. – 56 АЕМ, 2019 ж. – 494 АЕМ, 2020 ж. – 57 АЕМ). ТОБЖ КЖҚ жобасы бойынша барлығы 643 АЕМ қосу қалды.

«Адами капиталды дамыту» бағыты бойынша мектептердің 100% компьютерлік техникамен жабдықталған. Сонымен қатар, жыл сайын «электрондық үкіметті» пайдалану дағдыларын қамтитын халықты сандық сауаттылыққа оқыту «электрондық үкімет» порталын, eGov mobile мобильдік қосымшасын немесе Telegram мессенджерін таңдауда @EgovKzBot мобильді қосымшасын пайдалана отырып, электрондық форматта қызметтерді алуға мүмкіндік берді.

Мәселен, 2019 жылы сандық сауаттылықтың базалық құзыреттілігі бойынша оқытылған халықтың жалпы саны 535 мың адамды құрады (жоспар бойынша 462,8 мың азамат).

2019 жылдың қорытындысы бойынша Сандық сауаттылық деңгейі 82,1% құрады.

«Инновациялық экожүйені құру» бағыты бойынша шетелдік қатысушылар үшін визалық және еңбек режимдерін оңайлату бойынша жағдайлар жасалған Астана Хаб. Сондай-ақ технопарктің қатысушылары үшін оңайлатылған салық салу түрінде салықтық преференциялар қабылданды. Сондай-ақ, Экспо аумағында Астана Хаб құрылды, 90-нан астам стартап жоба іске асырылуда, 1000-нан астам жұмыс орны құрылды. Бүгінгі күні Хаб 100%-ға толтырылған.

Жасалған жағдайлар ірі отандық компаниялар мен мемлекеттік органдарға цифрлық және технологиялық инновацияларды дамыту бойынша Астана хабының қатысушыларымен тиімді коллаборация жасауға мүмкіндік береді деп күтілуде [2].

Әдебиеттер

1. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827>
2. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/documents/details/37274?lang=kk>

Аннотация

За последние десятилетия мир переходит к экономике нового типа, основным инструментом которой являются цифровые технологии. Основой перехода к цифровому государству является расширение роли информационных технологий в частном и государственном секторах.

Идея цифровой трансформации охватила весь мир. В современном мире цифровые технологии играют важную роль в развитии национальной экономики. Цифровые технологии дали ряд преимуществ: упрощение доступа к государственным услугам населению и бизнесу, быстрый обмен информацией, новые возможности бизнеса, создание новых цифровых продуктов и т.д.

Abstract

Over the past decades, the world has been moving to a new type of economy, with digital technologies as its main tool. The basis for the transition to a digital state is the expansion of the role of information technology in the private and public sectors.

The idea of digital transformation has spread all over the world. In the modern world, digital technologies play an important role in the development of the national economy. Digital technologies have given a number of advantages: easier access to public services for the population and businesses, rapid exchange of information, new business opportunities, creation of new digital products, and so on.



УДК 658.71 (574)

Ж.М. Хамитов, докторант
Академия государственного управления
при Президенте Республики Казахстан
г. Нур-Султан

РОЛЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК В ТУРИСТИЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ

В настоящей статье рассматриваются вопросы и проблемы, касающиеся туристической отрасли Казахстана, более подробно будут обсуждены северные районы туристической отрасли страны, где на сегодняшний день имеются ряд существующих проблем.

Рассматриваемая тема является одной из актуальных, так как в условиях экономического кризиса и пандемии «коронавируса» государству необходимо ориентироваться на другие отрасли дохода в бюджет страны. Как всем известно объемы добычи нефти и газа были сокращены, а цены на черное золото в последнее время не стабильны.

Статья посвящена исследованию современного состояния туристической отрасли северных районов, проблемам и перспективам создания и мониторинга выделяемых средств из бюджета для развития данного региона.

Ключевые слова: государственные закупки, мониторинг, эффективность, коррупционные риски, отрасль.

Кілт сөздер: мемлекеттік сатып алу, мониторинг, тиімділік, сыбайлас жемқорлық тәуекелі, сала.

Key words: publicprocurement, monitoring, efficiency, corruption risks, branch.

Введение. С момента обретения независимости, сфера развития туризма неоднократно менялась. В основу таких изменений были различные программы и стратегии. На развитие туристической отрасли были выделены не малые суммы из бюджета, которые в будущем должны принести экономический рост страны.

